<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,  <b>Мақсаты</b> : «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.          –Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды.  <b>Демонстрациялық материал.</b>          –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендерінді өз қиялдарымен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.          –Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар.          «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог.          Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс" деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады.          –Балалар "ажарлы" – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу  <b>Мақсаты:</b> Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтауқабілеттерін дамыту  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Тиісті белгіні көтер»</b>          – Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріндер.          Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылпан</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу  <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.  <b>Дидактикалық жаттығу:</b>  <b>“Жасырылған сөз”</b>  <b>Шарты:</b> бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.          Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”.          Жауабы: қыс.          Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру  <b>Мақсаты</b> Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату  <b>Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»</b>          Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал...та, бал...ға, пар...та, қызғал...дақ, түйме...дақ, ке...рует, кәм...пит, ке...се, ке...ме, қуыр...шақ т.б.)</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу  <b>Жаңа жыл келді</b>          Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! Сөздік жұмыс: жылыстап – ақырындап, біртіндеп әзір – дайын</p>	



**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»**

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.  
Ағайында арарармыз,  
Еңбек үшін жаралғанбыз.

-з-з-з-з-з  
Шырын іздеп күні бойы  
Гүл бақшаны аралаймыз

-з-з-з-з-з  
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара  
Қалмай ұшып соңынан,  
Ара қуды Мұратты.

-з-з-з-з-з  
Шағып алып қолынан,  
Досымызды жылатты.

-у-у-у-у  
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:**


Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту <b>Мақсаты</b> жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады</p> <p>Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті-</b> Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру <b>Мақсаты</b>Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру,</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру <b>Мақсаты</b>заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту Ттапсырманы орындау үшін суреттерді қарау керек. – Қай топтағы заттардың арасына «<math>\Leftrightarrow</math>» белгісін қоюға болады? Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:-</b> Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру <b>Мақсаты</b> заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту «Сонша жина» дидактикалық ойыны Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар,</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту <b>Мақсаты</b> Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету</p> <p>Күрделі сұрақ: Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсындар? Балалар терезеден не көріп тұрғандарын атап береді. Табиғатқа – ағаштар да, аспан да, шөп те, ауа да, адам да жатады деген ұйғарымға келеді. Топтағы жанды заттарды атап</p>	
--	---	--	---	--	--




	<p>нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады</p>	 <p>Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір-бірінің астына қояды, немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді</p>	<p>себетпен сызып қосады. -Не артық? Не кем? – Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады. -Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды</p>	<p>қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады</p>	<p>көрсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстайтынын, тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді. Педагогтің көмегімен қолдан жасалған (жансыз) әлемге киім, аяқкиім, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жататынын түсіндіреді</p>
--	--	---	---	---	---

### Үзіліс:

<p><b>Саусақ ойындары</b> <b>Ойын: Су толтыру.</b> <b>Мақсаты:</b> Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету. <b>Керекті құралдар:</b> шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке. <b>Мазмұны:</b> Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</p>	<p><b>Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.</b> <b>Мақсаты:</b> Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. <b>Керекті құралдар:</b> Суреттері бар кітапшалар. <b>Шарты:</b> Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Домино»</b> <b>Мақсаты:</b> «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. <b>Ойын шарты:</b> Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. <b>Қажетті құралдар:</b> Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.</p>
---	---	--

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b>Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу  <b>Мақсаты</b>сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.  <b>Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»</b>  – Такпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек? «Рақмет, апа!» – деу керек. Балалар жүр көшеде, Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетінде, Дөпты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың, Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу  <b>Мақсаты</b>сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.  <b>Мақал-мәтелдерді жаттап ал.</b>  Әдептілікті данадан үйрен.  «Сіз» деген – әдеп,  «Біз» деген – көмек.  Педагог жеке жұмыс жүргізеді.  <b>Ойын «Сұраққа жауап бер».</b>  – Сен әдепті баласың ба?  – Иә. Мен әдепті баламын.  – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?  – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,  <b>Мақсаты.</b> «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету   <b>«Айырмашылығын тап».</b>  Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b>өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу  Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды.  – Жақында қандай мерекені қарсы аламыз?  – Қандай мереке шыршасыз өтпейді?  – Шырша қайда өседі?  Қазір жылдың қай мезгілі?  – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?  – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз.  Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.  Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді  Жұмбақты шеш.  Жасыл ине киімім,  Жайлаймын тау биігін.  Жаңа жылды тойласаң,  Төріндемін үйіңнің. (Шырша)  3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязтаның қалай пайда болғанымен таныстыру  -- Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру  -бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану  -бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады  <b>Мақсаты:</b>- қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязтаның бейнесін салуды үйрету  <b>Топтық жұмыс</b></p>
<b>Үзіліс:</b>					

<p align="center"><b>«Гүлдерді күтеміз» ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету.</p> 	<p><b>Қимылды ойын: «Ту».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Топтағы қарым-қатынасты нығайту.</p> <p><b>Ойынның шарты:</b> Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p><b>«Шұңқырдағы қасқырлар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.</p> <p><b>Ойынның шарты:</b> Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.</p>
--	---	--

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту</p> <p><b>I. «Қарда жүргіш мәшиесі»:</b> бір тізбекпен жүреді.</p> <p>«Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді.</p> <p>II. ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді.</p> <p>Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».</p> <p>• Қолды төмен түсіріп, аяқты</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан)</p> <p>Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)</p> <p>Билер:</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Түзу бағытта адымдап жүру</p> <p><b>Мақсаты:</b> 2,5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету.</p> <p>Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу</p> <p>Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Жұбымен шеңбер бойымен жүру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қасқыр мен лақтар». (3 рет)</p> <p><b>Ойын шартын</b> естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады.</p> <p>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан)</p> <p>Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)</p> <p>Билер: «Ұлапақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада,</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>алшақ қойып, мұрынмен дем алу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару.</li> <li>•Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (кол білезіктерін айналдыру).</li> </ul>	<p>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>		тырысады.	<p>«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<b>Серуен</b>	<p><i>Желді бақылау</i> <b>Мақсаты:</b> желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатынды-ғын, баяу, жылдам сөздерінің магнасын түсіндіру <b>Сұрақ:</b> - Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен, - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. <b>Көркем сөз</b> <b>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр –</b></p>	<p>Аула сыпырушы еңбегімен танысу <b>Мақсаты:</b> аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. <b>Тапсырма:</b> «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. <b>Тақпақ:</b> Қолына киіп қолғапты,</p>	<p>Мұз сүңгісін бақылау. <b>Мақсаты:</b> балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. <b>Байқағыштық қасиетті</b> қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. <b>Тапсырма:</b> «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. <b>Сұрақтар:</b> Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнге жайма ма, әлде терістік</p>	<p><b>Қайың ағашын бақылау.</b> <b>(Қиялдау)</b> <b>Мақсаты:</b> қайың ағашының қысқы қалыпты бақылау. <b>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.</b> <b>Тапсырма:</b> ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. <b>Көркем сөз</b> <b>Ағаштар тұр жүдеп,</b> <b>Жапырақ сәні енеді.</b> <b>Соғады жел үдеп,</b> <b>Қыстың кеп сәлемі.</b> <b>Еңбек: қайың ағашының түбіне қар</b></p>	<p><b>Алаңдағы ағаштарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. <b>Тапсырма:</b> «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. <b>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.</b> <b>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</b> <b>Сұрақтар:</b> <b>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай</b></p>
---------------	--	--	--	--	--

	<p><i>жерге жауған нұр.</i>  <b>Қимылды ойын: «Әткеншек»</b>  <b>Мақсаты:</b> алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.  <b>Еңбек:</b> алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.</p>	<p>Ауланы ағай сыпырды.  Тазалап қарды мұздарды,  Бәрімізге олжол ашты.  <b>Қимылды ойын:</b>  «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.)  <b>Жеке жұмыс:</b> «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.  <b>Жаңылтпаштар:</b>  Қаңтар айы болды, күн суытты  Қалың қар жауды, боран соқты.  Жапалақтап ақ қар жауды  <b>Еңбек:</b> аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу</p>	<p><b>жақтама ма?</b>  Олар қайдан пайда болады?  Осыдан қандай қортынды жасауға болады?  <b>Көркем сөз:</b>  Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,  Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,  Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,  Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.  <p style="text-align: center;"><b>Мұзафар</b></p> <b>Әлімбаев</b>  <b>Қимылды ойын:</b> «»Үйсіз қалған қоян  <b>Мақсаты:</b> ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p>	<p><b>жсинау.</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларға ағаштың түбін қармен жабуудың сырын, пайдасын түсіндіру.  <b>Қимылды ойын:</b> «Біз көңілді баламыз»  <b>Жеке жұмыс:</b> «Жұмбақты шеш»  <b>сюжетті ойын ойнату.</b>  <b>Жұмбақ:</b>  <b>Жазда жатсаң көлеңкесінеалады,</b>  <b>Қыста жасақсаң, жаның рахат табады.</b>  <p style="text-align: center;"><b>Ағаш</b></p> </p>	<p><b>атаймыз?</b>  2. <b>Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?</b>  3. <b>Ағаштар бір біріне немен ұқсас?</b>  4. <b>Ордың айырмашылығы қандай?</b>  <p><b>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суретпен айт» ағаштың түрін таны.</b>  <b>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»</b>  <b>Мақсаты:</b> секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.  <b>Еңбек:</b> ағаштардың түбін қармен жабу.  <b>Мақсаты:</b> қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру.  <b>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</b>  <b>Жеке жұмыс:</b> шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солғааңдағы ағаштарды бақылау</p> </p>
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>



## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Беловодское ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 9 – 13 қаңтар 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Д/ойын:</b> «Қарап ал да есіңе сақта» <b>Мақсаты:</b> балаларды көрген суреттерді есі не сақтап, көз алдына елестете отырып, әр қайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларының, аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері.	<b>Д/ойын «Ғажайып қоржын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>Ойын шарты:</b> Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. <b>қажетті құралдар:</b> Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	<b>Д/ойын: «Экологиялық пирамида».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	<b>Д/ойын: «Зоологиялық домино».</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. <b>Ойын ережелері:</b> Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	<b>Д/ ойын: Не артық?</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)</b></p>	<p>Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.</p>	<p>Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.</p>	<p>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күннің көтерілген күліп қырдан. Сен көлдің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!</p>	<p>Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.</p>	<p>Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.</p>
<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>					
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану <b>Мақсаты:</b> :Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету</p> <p>–Бүгін қай күн? –Кеше қандай күн болды? –Ертең қандай күн болады? –Бүгін ауа райы қандай? –Табиғат өзгерістерін атайық Мақал-мәтелдер: 1.Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. 2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. 3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер. Педагог: – Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасындар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу <b>Мақсаты</b> сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру <b>«Артығын тап» ойынын ойнату.</b> 1.Қыс, көктем, жаз, күз, үз. (үз) 2.Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ) 3.Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана) 4.Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға) 5.Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> - Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. <b>Мақсаты</b> Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»</b> –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасындар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на,балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қызә..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту <b>Мақсаты</b> Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)</b> – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айт- <b>Мақсаты:</b> әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: –Өлең қалай аталады? –Өлеңде не туралы айтылған? –Саған ұнады ма? –Жақсы деп қандай баланы айтамыз? Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз? –Сен қандай бала болғың келеді? Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.</p>



			қа..заң, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жүл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады		
--	--	--	---	--	--

**Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

*«Допты қуып жет»*

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**  
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның ,  
шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы  
дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.  
Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,  
Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы  
Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат,  
әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара

Қалмай ұшып соңынан,  
Ара құды Мұратты.

-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,  
Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанатын. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> - Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу  <b>Мақсаты</b>  дүниетанымын дамытуға жағдай жасау; көптеген заттардың адам қолымен жасалатындығын түсіндіру; кез келген затқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p><b>Табиғи заттармен жұмыс:</b>  түрлі өлі табиғат заттарын таратып беру.  — Алдарындағы заттарды қара. Оларды ата. Оларды қайдан кездестіресің?  <b>Ойын. «Ажырата біл!».</b> Ойын барысында мұғалім тірі және өлі табиғатзаттарын араластырып айтады. Өлі табиғатты атағанда оқушылар қол соғу керек. Сонан кейін оның неге өлі табиғат екенін дәлелдейді.  Оқушылардың логикалық ойын дамытуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар беру:  -Су қыста қандай түрде кездеседі?  -Суды қолға үйіп ұстауға бола ма?  -Су қайнағанда неге йналады?</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту  <b>Мақсаты:</b>заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру  <b>Практикалық жұмыс жүргізеді</b>  Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.  -Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек)  Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.  -Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)  -Неше бөлік шықты? (екі)  -Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.  Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі.  Педагог жасыл дөңгелекті алады.  Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)  –Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.  Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.  Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру  <b>Мақсаты:</b> заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру  <b>«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.</b>  Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.  Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.  –Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз  –Оны қалай жасауға болады? (жиіктерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).  Сосын 4 бөлікке. (жиіктерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)  Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).  –Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?  (Екі кішкентай тіктөртбұрыш).  –Ал шаршының төрттен бірі?  (Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).  –Жартылар тең бе екенін тексерейік.  Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару;  <b>Мақсаты</b> қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру  Үлестірмелі материалмен жұмыс.  Практикалық жұмыс ұсынылады.  Алдарыңа 5 дөңгелек қойындар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.  Демонстрациялық материалмен жұмыс  Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b>-Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.  <b>Мақсаты</b> Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.</p> <p>Тірі табиғат — олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету.  Өлі табиғат — қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді.</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>-Мүз ерігенде не пайда болады?</p> <p>Осының негізінде өлі табиғатқа енетін су туралы не айтуға болады? Мұндай тапсырмалар сыныптағы оқушылардың ізденушілігін арттыру, сабаққа қызығушылығын тудыру .</p> <p>Мұндағы мақсат өлі табиғат заттарының бір күйден екінші күйге ауысатындығы туралы түсінуінің алғашқы шартын жасау.</p>	<p>алады.</p> <p>–Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр.</p> <p>Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.</p> <p>-Жолақты қандай бөліктерге бөлім? (тең)</p> <p>-Қанша бөлік шықты? (үш)</p> <p>–Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды. Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік) Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.</p>	<p>Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.</p> <p>Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады.</p> <p>Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.</p> <p>Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай</p> <p>Проблемалық сұрақ: Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе? Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды</p>		
--	---	--	--	--	--

**Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.**

**Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ**  
**Ойын:Жүретін саусақтар.**



**Ойын: «Сарбаздарға не керек?»(5-10 мин)**



<p><b>Мақсаты:</b>Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.</p> <p><b>Керекті құралдар:</b> Суреттері бар кітапшалар.</p> <p><b>Шарты:</b>Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.</p>		<p><b>Мақсаты:</b>Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Керекті құралдар:</b>ойынға керек ресурстар.</p> <p><b>Мазмұны:</b>Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Мандайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
---	--	--

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b>- Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру</p> <p><b>Сурет бойынша жұмыс.</b></p> <p>– Мынау – пәтер. Мынау не?</p> <p>– Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді).</p> <p>– Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме.</p> <p>– Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар?</p> <p>Бөлмелерді санайды. Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту.</p> <p>– Мынау – дәліз. Дә-ліз.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті</b> - - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, <b>Мақсаты</b> шағын мәтін құруға жаттықтыру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».</p> <p>Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады.</p> <p>– Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?</p> <p>Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды.</p> <p>– Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын.</p> <p>– Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме?</p> <p>– Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар?</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>– Мынау – балалар бөлмесі.</p> <p>Мынау қандай бөлме?</p> <p>– Мынау – балалар бөлмесі.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу</p> <p><b>Мақсаты</b> Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».</p> <p>Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.</p> <p>Педагог: Шырша</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> .әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру</p> <p>–Суреттен кімді көріп тұрсың? (Баланы) – Балаға ат қояйықшы. (Арман) – Арман не істеді? –Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? (Саматты) – Ол не істеп тұр?</p> <p>–Салыстырайық, кімнің істеген іс-әрекеті дұрыс?</p> <p>–Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен.</p> <p>Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік.</p> <p>Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз.</p> <p>–Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.</p> <p>–Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -- Балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;</p> <p>-- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану</p> <p>-- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру</p> <p>-- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты:</b>- мерекелік дастарханды бейнелей бідуге үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	--	---	--	--

	<p>Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім). – Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар). – Мынау қандай бөлме? – Мынау – асүй. Мынау – ... – Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)</p>			<p>алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз. Педагог тапқакты оқып беріп, жаттатады.  Жақсы мен жаман Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып.</p>	
--	---	--	--	--	--

**Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны**

<p><b>Еліктеу ойындары:</b> “Кім жақсы айтады” <b>Р-р-р-р-р</b></p> <p align="center"><b>Ы-ы-ы-ы-ы</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div>	<p><i>Гүлдерді иіскейік.</i> Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.</p>	<p><b>Ойын: «Өзен»</b> <b>Кішкене өзен арқылы.</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді. <b>Көрнекіліктер:</b> тақтай, жіп. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.</p>
---	---	--

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою <b>Мақсаты:</b> Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау I.«Құмырсқалар соқпақпен</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> --Қазақ халқының би өнерімен таныстыру <b>Мақсаты:</b> Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.  <b>Музыка тыңдау:</b> «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. <b>Мақсаты</b> - Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау «Тауға өрмелеп шығу».</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу <b>Мақсаты</b> Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету.  I.«Көңілді шарлардың» тапсырмасын балаларға айтады. Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды:</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -Балаларға «Қаражорға» биін билету <b>Мақсаты</b> Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.  <b>Музыка тыңдау:</b> «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К.</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>келеді.</p> <p>Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру.</p> <p>Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. «Артқа бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.</p>	<p>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі.</p> <p>Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру.</p> <p>«Құмырсақа үй тұрғызу»: поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады.</p>	<p>жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді.</p> <p>II. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2):</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет.</p> <p>Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау.</p> <p>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады</p>	<p>Қуатбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева)</p> <p>Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<p><b>Бақылау:</b> Аязды бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу.<b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p><b>Қим.ойын:</b> «Сырғанақ тебу».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шамамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.</p> <p>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза алаң».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өтетілеуов «Күшік».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнгерлеп айтуға үйрету.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Қарды бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тақпақ:</b></p> <p>Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар.</p> <p>Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю.</p> <p><b>Мақсаты:</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.</p>

	дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).	 <p>– Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсындар?</p>		көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.	Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта құйып отырады. Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше? Олардың арасында ұқсастық бар ма? Айырмашылықтары қандай?
--	---	--	--	--	--

**Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»**

**« Өкпені еріту » жаттығуы**  
 Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз .



**Ойын: «Жалауша»**  
**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.  
 Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша.  
**Мазмұны.**  
 Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай


<p>Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз .</p> <p>Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .</p>		<p>қосады.</p> <p>Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.</p> <p>Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.</p> <p><b>Ойынның ережесі.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.</li> <li>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.</li> <li>3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.</li> </ol> <p><b>Әдістемелік нұсқаулар.</b></p> <p>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.</p>
---	--	---

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b>-- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру</p> <p><b>Мақсат</b> Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.</p> <p><b>Постермен жұмыс.</b> Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тапқыты жаттау</p> <p><b>Мақсаты</b> Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.</p> <p>«Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.</li> <li>– Елтаңбада тұлпар бейнеленген.</li> <li>– Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.</li> </ul> <p>2. Тапқақ жатта.</p> <p>Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті,</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p> <p><b>Мақсаты</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p><b>Мақал-мәтелдер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні.</li> <li>2. Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.</li> <li>3. Қыс қамынды жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта».</li> </ol> <p>Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы»,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру -</p> <p><b>Мақсаты.</b> театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім?</li> <li>– Ана сөзін естігенде, ойларына не келеді?</li> <li>– Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді?</li> </ul> <p>Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз»</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Міндеті:</b>-- Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету -- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</li> <li>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</li> </ul> <p><b>Мақсаты:</b>- Қаршақыздың сүйікті достарын</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар.</p> <p>Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.</p> <p>– Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген?</p> <p>– Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген.</p> <p>– Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім?</p> <p>– Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов.</p> <p>Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды</p>	<p>Төрге ілінер көрнекі.</p> <p>Анам таққан шолпыдай</p> <p>Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p>«түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.</p> <p>Мысалы:</p> <p>«мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс.</p> <p>«Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады</p>	<p>атты татар халық ертегісімен танысамыз.</p> <p>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады.</p> <p>Ертегіні оқып, мазмұнын ашу</p>	<p>салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
<p><b>Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны.</b></p>					



<p><b>Тіл гимнастикасы</b> <b>«Р»-ға тілің келе ме?</b></p> <p><b>Қаламқасқа «тұр», - деші,</b> <b>Қарындашқа «жүр», - деші.</b> <b>«Қара қарындашты</b> <b>Қаламқас алып тұр», - деші,</b> <b>Ал енді өзің-ақ</b> <b>«Р-р-р-р», - деші.</b></p>	<p><b>Ойын:«Торғайлар мен тор»</b> қимылды ойыны <b>Мақсаты:</b>Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. <b>Ойынның шарты:</b>Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.</p>				
<p><b>4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>					
	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -- Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); <b>Мақсаты:</b>. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.</p> <p>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b>-- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету <b>Мақсаты</b>Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличсеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b>.- Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту <b>Мақсаты</b> - . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату <b>Мақсаты</b> Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді Жалғастыр</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Алшақ бас!». Нұсқау – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғғанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек. 15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу <b>Мақсаты</b> Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличсеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К.</p>



	тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.			қайтады.	Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)
<b>Серуенгедайындық</b>	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.

<b>Серуен</b>	<p><b>Серуен-Бақылау №1</b> <b>Бақылау:</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатынқұстар туралы мағлұмат беру.қамқорлықпен қарауға үйрету. <b>Еңбек:</b> Құстарға жем шашу. <b>Мақсаты:</b> Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім.Ойна,жүгір желкілде, Тисем саған оңбай мын. <b>Мақсаты:</b> Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №2</b> <b>Бақылау:</b> Қарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. <b>Тақпақ:</b> Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. <b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №3</b> <b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».</b> <b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №4</b> <b>Бақылау:</b> Аязды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу.<b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. <b>Қим.ойын:</b> «Сырғанақ тебу». <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шамамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №5</b> <b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата</p>
---------------	---	---	--	---	--

	<p>қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p>	<p>туралы түсінік беру.Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Е.Өтетілеуов. «Күшік».</p> <p>Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап</p> <p><b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».</p>	<p>үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз).</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Беловодское жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі III-апта 20–24 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толықаты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың ағзалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларының ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, солқалпындас сөзсіз қабылдап жаксы көретінін білдіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балалардың тамақ арынтауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыстамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеуіс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Үстел үсті театры:</b> «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. <b>Мақсаты:</b> қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру « <b>Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.</b> » <b>Мақсаты:</b> баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	<b>Ойын – жаттығу:</b> «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	<b>Ойын:</b> «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	« <b>Менің тобымдағы өсімдіктер</b> » картиналар топтамасынан суреттер қарастыру
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 9				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> Асапанашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> <b>«Ақ тілек»</b> Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> <b>«Сықырлы таяқша»</b> Мен бәріне Қуаныш тілеймін! Мен бәріне Мейірім тілеймін! Мен бәріне шуақты күн тілеймін! Мен бәріне көңілді ойын тілеймін! Мен бәріне Денсаулық тілеймін!</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> <b>«Қыс»</b> Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.</p>	<p><b>Шаттық шеңбері:</b> <b>«Шана»</b> Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдағып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу <b>Мақсаты:</b> Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру</p> <p>– Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? – Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. – Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемеңі суға жібереді. – Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеге отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береміз.</p> <p>Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырғып ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру <b>Мақсаты:</b> дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау <b>Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»</b> – Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады. Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата» (доппен) – Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты:</b> дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау <b>Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»</b> – Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер. Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал-ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру <b>Мақсаты:</b> Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәрiха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу <b>Мақсаты:</b> Ертегіні баяндауда эпитет, тенеу сөзді қолдануға үйрету <b>Мақалдың мағынасын түсініп ал.</b> Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс». – Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз) – Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз) Педагог ертегіні</p>

	<p>шаршамастан шарк ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кемемізді жағалаулар шақырады</p>	<p>айтасындар да, допты кері лақтырасындар. Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды-қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.</p>	<p>қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек т.б.</p>	<p>қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жүл..дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады.</p>	<p>музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды</p>
--	--	--	--	--	--

<p><b>Үзіліс:»</b></p>		
<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>« Күн мен түн »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. <b>Ойын мазмұны:</b> Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	<p><b>Қимылды ойын: « Көгі-гөк »</b> <b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа, ептілікке баулу. <b>Ойын мазмұны:</b> Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгигөк. Гөк, гөк, көгигөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді альпқаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>« Аққу-қаздар »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшандыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. <b>Ойын мазмұны:</b> Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. <b>Бақташы:</b> Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасындар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға</p>

		тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 ретқайталанады.
--	--	---

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> -Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату  <b>Мақсаты</b>          Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету  <b>«Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.</b>          Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>- Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа-  <b>Мақсаты:</b>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту          –          .Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс    <b>Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта –сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру  <b>Мақсаты:</b>кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.          «Суретті тап» дидактикалық ойыны          Карточкалармен жұмыс ұсынады:          Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тындап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды            Талқылап, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету  <b>Мақсаты</b> кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.          1-тапсырманы орындауды ұсынады.          Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.          – Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)          – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)          – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?          Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> -Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, топтастыру<b>Мақсаты</b> )          Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері 1 және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту          суқоймасы мен оны мекендейтіндердің суреті мұқият қарап шығуды сұрайды. Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді. Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін</p>
--	---	--	--	---	--

	келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.	<b>үшбұрыш орналасқан</b>			бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, қурап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды
<b>Үзіліс:</b>					
<p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>« Шарлармен алмасу »</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.  <b>Ойын мазмұны:</b>  Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі оңға, біреуі солға ұсынады ). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады.  Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p>			<p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>« Кішкене өзен арқылы »</b>  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу  <b>Ойынның шарты:</b>  Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен.  Ойнаушылар сызықтың жанында өзеннің жағасын датұрады.  Олар өзеннен анықсызылғанды өңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-бірінесе кіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</p>		
<b>3 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
	<p><b>Қазақ тілі</b>   <b>Міндеті:</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білу</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау,  <b>Мақсаты</b> Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> -Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту  <b>Мақсаты</b> .ертегіні ым-ишарамен</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> -- балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету  -- Біртекті заттардан сюжеттер</p>

	<p><b>Мақсаты</b> Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Нұр-Сұлтан қандай қала? – Нұр-Сұлтан – астана. Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Нұр-Сұлтанның көрікті орындарын көрсете аламын. Интербелсенді тақтада көрсету. Нұр-Сұлтан – біздің астана. Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. – Көше таза. Көшелер таза. – Мынау – үй. Үй – үйлер. – Биік үй. Биік үйлер. – Әдемі үйлер. – Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді). Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала</p>	<p><b>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</b> Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек. І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө... (көше) Та... (таза) Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.) Нұр-Сұлтан – ... ( Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)</p>	<p><b>Мақсаты</b> Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндір <b>Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.</b> –Өлең не туралы? –Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? –Алыс шалғайда не көрінеді? –Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар. –Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді. Сөздік жұмыс. Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.</p>	<p>сахналауға дағдыландыру Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз. Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. Ол әрдайым әйгілі, көңілді жүреді. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Қиялдан туындайды. Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі қалай аталады? – Шықбермес Шығайбай қандай адам? – Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты? – Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді? – Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады? – Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? – Алдаркөсе не деп жауап берді?</p>	<p>құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру -Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау -Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану <b>Мақсаты</b> қысқы табиғатты салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру <b>Топтық жұмыс</b></p>
<p>Үзіліс: .Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»</p>					



**Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:**

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

**1.Т: Күйсандықтыашайық**

Б до- до- до

Т: тілдерінбізбастайық

Б: ре - ре - ре

Т: бас дыбыстыбастайық

Б: ми - ми - ми

Г Жайлапәнгесалайық

Б: до - до - до

**2. Шалқыпшығарсондакүй**

Б: фа - фа - фа

Т: Бәрі до - дан басталар

Б: до- до -до

Т: До -нықоштарбасқалар

Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до



**Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»**

**Ойынның мақсаты:** Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.

**Мазмұны:** Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.

Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, параллель сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.

Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.

Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.

Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.

**Ойынның ережесі**

1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.
2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.
3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс. Әдістемелік нұсқаулар.

Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек. Ойынның педагогикалық маңызы.

Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b>-- Сырғанау. Өз</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b>-- - Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Велосипед, самокат тебу. Шеңбер</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> Динамикалық ерекшелікті көрсете</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау  <b>Мақсаты:</b>Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру</p> <p>·  <b>«Түрлі түсті ғаламшар»</b> – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады</p>	<p>ойнауға дағдыландыру  <b>Мақсаты:</b> Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру  <b>Музыка тыңдау:</b>  «Жан анам» (Е. Өміров)  Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз»  (И. Нүсіпбаев)«Бесік жыры»  (И. Нүсіпбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Шенберге тұр» (Л. Бетховен)  Билер:  «Тырналар биі» (Д. Абиров)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Атқа мініп шабамыз»  (В. Агафонников)</p>	<p>бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу  <b>Мақсаты</b> -Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру</p> <p>· <b>«Жорғалаушылар ғаламшары»</b> – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді.  Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады</p>	<p>бір-біріне лақтыру  <b>Мақсаты</b> Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру</p> <p>«Сикырлы ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады. «Алыптар мен қортықтар» қимыл-қозғалыс ойыны.  Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Өртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді.</p>	<p>отырып, эмоционалды түрде ән айту  <b>Мақсаты</b> Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Жан анам» (Е. Өміров)  Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз»  (И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Шенберге тұр» (Л. Бетховен)  Билер:  «Тырналар биі» (Д. Абиров)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Атқа мініп шабамыз»</p>
<b>Серуенгедайындық</b>	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.	Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету.

<b>Серуен</b>	Серуен-Бақылау №5	Серуен-Бақылау №6	<b>Серуен-Бақылау №7</b>	<b>Серуен-Бақылау №8</b>	<b>Серуен-Бақылау №9</b>
---------------	-------------------	-------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------

<p><b>Бақылау:</b> Торғайларды бақылау <b>Мақсаты:</b> — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; — Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;"><b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз</b> <b>Торғайларды қорға.</b> Ө. Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған онбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.</p> <p>◆ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)</p> <p>◆ Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (<i>қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.</i>)</p> <p>◆ Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (<i>торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер</i>)</p> <p>◆ Торғайлар қыста немен қоректенеді?(<i>дәндермен, қалдықтармен.</i>)</p>	<p><b>Бақылау:</b> Қардың түсуін бақылау <b>Мақсаты:</b> - <i>Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;</i> — <i>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;</i> — <i>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</i></p> <p style="text-align: center;"><b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев</b> <i>Жауа-жауа, қар жауып көп, Шұқырларға толады. Иығыңа қонады кеп, Мойныңа да қонады. Жауып бітер қарды тосып, Үйіңе де сыймайсың, Табиғаттың ақ көрпесін. Басуға да қимайсың.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.</p> <p>◆ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?</p> <p>◆ Аяқ астында қар неге сықырлайды?</p> <p>◆ Қар неге ұлпа болады?</p> <p>◆ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппак, қар беті тап-таза т.б.)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Ұшып келе жатқан қарды парак бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).</p> <p><b>Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.</b> <b>Мақсаты:</b> бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу</p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауладағы ағаштарды бақылау <b>Мақсаты :</b> — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру</p> <p style="text-align: center;"><b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қыс» Р. Сәбитұлы</b> <i>Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.</p> <p>◆ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??</p> <p>◆ Күзде қандай болды?</p> <p>◆ Қазіргі бейнесі қандай?</p> <p>◆ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру</p> <p><b>Еңбек</b> Жолды қардан тазалау. <b>Мақсаты:</b> аула қараушыға көмектесу. Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» <b>Мақсаты:</b> доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Аула тазалаушы еңбегін бақылау <b>Мақсаты:</b> — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:</p> <p>◆ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?</p> <p>◆ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?</p> <p>◆ Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?</p> <p>◆ Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?</p> <p>Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> — бірлесе жұмыс</p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауладағы ағаштарды бақылау <b>Мақсаты:</b> — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.</p> <p style="text-align: center;"><b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Ағаштар» М. Әлімбаев</b> <i>Қысында да шырайлы, Жасыл шыриа ұнайды. Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал. Тау баурайы төменде, Өседі жас емендер. Ауыл сәні терек, Терек егу керек. Сырғалы қайың, ақ қайың, Бантайын, күтіп, сақтайын. Басқа ағашпен аралас, Жайқалады қарағаш Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай, Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Балаларға сұрақтар:</i></p> <p>◆ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған</p> <p>◆ Ағаштар не үшін керек?</p> <p>◆ Ол адамға не береді?</p> <p>◆ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?</p> <p>◆ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?</p> <p>◆ Шырша мен қарағай туралы</p>
--	---	---	---	---

<p>◆ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (<i>қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.</i>)</p> <p>◆ Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. (<i>өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады</i>)</p> <p>◆ Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? (<i>себебі адамдар жанында азық көп болады</i>)</p> <p><i>Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тере зойғ Сонда суыққа тоңбайсың.</i></p> <p>Еңбек қызметі</p> <p>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> еңбекке деген ықыластарын арттыру.</p> <p>Қимылды ойын «Нысанаға тигіз».</p> <p><b>Мақсаты:</b> қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.</p> <p>Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту</p> <p>Қарды алыс нысанаға лақтыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> қозғалыс координациясын дамыту.</p>	<p><i>дағдыларын дамыту</i></p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>«Ыстық-суық».</p> <p><b>Мақсаты:</b> тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету</p> <p><b>Жаттығу ойындары</b></p> <p><b>Қимылдарын дамыту.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қарды алысқа лақтыруға үйрету.</p> <p><b>Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</b></p>	<p>Жаттығу ойындары Секіру</p> <p><b>Мақсаты:</b> орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру</p> <p><i>Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады.</i></p>	<p>істеуге үйрету;</p> <p>— еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Екі аяз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> жүкіруге жаттықтыру;</p> <p>— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау</p> <p>Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру.</p> <p><b>Мақсаты :</b> шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</p>	<p>неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?</p> <p>◆ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы:</b></p> <p>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діндері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.</p> <p>Еңбек</p> <p>Ағаш түптеріне қар үю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..</p> <p>Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?».</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>— Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;</p> <p>— Сөздік қорларын байыту;</p> <p>— Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жаттығу ойындары</b></p> <p>Қозғалыстарын дамыту:</p> <p>Аңдар биі</p> <p>Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.</p>
---	---	--	--	---

<p><b>Балалардың үйге келуі</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалды жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
-------------------------------------	--	--	--	--	---

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Беловодское жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1V-апта 27 – 28 ақпан 1-3 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық қатысуы - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тағалығы жөнінде кенес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларының ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулеріне ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, солқалпындасөзсіз қабылдап жақсы көретінін білдіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балалардың тамақ арынтауысып жеуге үйретулеріне ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыстамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеуіс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Д/ойын:</b> «Қарап ал да есіне сақта» <b>Мақсаты:</b> балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әр қайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларының, аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері.	<b>Д/ойын «Ғажайып қоржын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>Ойын шарты:</b> Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. <b>қажетті құралдар:</b> Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	<b>Д/ойын: «Экологиялық пирамида».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	<b>Д/ойын: «Зоологиялық домино».</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. <b>Ойын ережелері:</b> Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	<b>Д/ ойын: Не артық?</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 9				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)</b></p>	<p>Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жерана! Сәлем саған-Нұрлықұн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.</p>	<p>Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.</p>	<p>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!</p>	<p>Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.</p>	<p>Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.</p>
<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>					
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру <b>Мақсаты:</b> Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. – Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін.  Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: – Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: – Мен саған бола ерегескім де, ойыңды да бұзғым келмейді, сен өте бер. – деді де, оған жол берді. Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды. – Балалар, сендерге әңгіме ұнады ма?</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Сөздерді дыбыстық талдау; сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты:</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату  Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек. Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), қорқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ...</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. <b>Мақсаты:</b> Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру  Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата» (Педагог суреттер көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), эткеншек(ә), өрмекші(ө),</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру- <b>Мақсаты:</b> төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру  <b>Дидактикалық жаттығуы:</b> «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай),</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты:</b> Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру Өлең не туралы? – Авторы кім? – Көктемде неге бәрі көңілді болады? – Қандай жаңбыр жауады? – Көктемде аспанның түсі қандай болады? – Неліктен көктемді жақсы көресің? Жұмбақты шеш. Тал басында түндіксіз отау. (Құстың ұясы) Есінде сақта! Торғай шырылдайды. Тоқылдақ тоқылдатады. Қарға қарқылдайды. Дидактикалық ойын: «Тамаша» Ойын шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Жақсы, тамаша сөз болса, балалар</p>

	<p>–Әңгіме кімдер туралы? –Екі бала не істеп жүр еді? –Олар неге таласты? –Екі балаланың қайсысы ақылды екен? –Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер? әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші?</p>	<p>киім), сүтті ... (сиыр), момақан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (балмұздақ), қалың... (кітап), жұқа... (мата), жұмсақ... (мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт), әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ... (пышак), дарынды ... (бала) т.б.</p>	<p>ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймак(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.</p>	<p>саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)...</p>	<p>жұдырығын түйіп, басбармағын көтеріп көрсетеді. Ал жаман сөз болса, басбармақты төмен қаратып жауап береді. – Гүлдің иісі қандай? – Лай суды ішуге бола ма? – Құстардың даусы қандай? – Құстарды таспен атуға бола ма? – Жайқалып өскен көк шөп қандай?</p>
--	--	---	--	---	--

**Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**

*«Допты қуып жет»*

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның, шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,

Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы

Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара

Қалмай ұшып соңынан,

Ара қуды Мұратты.

-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,

Досымызды жылатты.



**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанатын. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.



<p>-у-у-у-у (Аранындауысы мен баланың ара шаққандағыдауысын сал)</p>		
--	--	--

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін білу <b>Мақсаты</b> Табиғатпен пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Тәрбиеші балаларға түсіндіріп шығады. Біз бүгін табиғаттың не екенін білдік. Оны аялаудың, қадірлеудің қамқорлыққа алудың қажеттігін түсіндік. «Табиғат - Ана» деп бекер айтпаған. Сол себепті табиғатты қоршаған ортаны қорғап, қамқорлық көрсетіп аяласақ, ол біздің Отанды, елімізді, туған жерімізді қорғағанымыз екен.</p> <p>Ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын» Балалар шеңберге тұрып, доп</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту <b>Мақсаты</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.</p> <p>- Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады. – Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.) – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.) – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр? Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау <b>Мақсаты</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: Ақпан жыл ішінде нешінші ай? Жылдың соңғы айы қандай? Қазаннан кейінгі қандай ай? Жаз айларын ата және т.б. «Жыл мезгілі»</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу <b>Мақсаты</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр» Педагог бастайды, балалар жалғастырады. Алдымен көктем, содан кейін ... жаз Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> -Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту <b>Мақсаты</b> Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру</p> <p>Ойынды оқу қызметінен бос уақытта да ойнатуға болады. Бір бала «қарт әженің» рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобуска кіргенде балалардың біреуі орын береді. Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. Қоғамдық көліктегі тәртіп</p>
---	--	--	--	--

	<p>арқылы сұрақтарға жауап береді. Судағы жәндіктерге қалай көмектесе аласың? Ауа таза болу үшін не істеу керек. Ағаштарға қалай көмектесе аласың? Гүлдерге қалай көмектесе аласың?</p>	<p>құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.</p>			<p>ережелері 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме. 5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар. 6. Автобуска алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық</p>
--	---	--	--	--	---



**Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.**

<p><b>Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ</b> <b>Ойын:</b> <i>Жүретін саусақтар.</i> <b>Мақсаты:</b> Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. <b>Керекті құралдар:</b> Суреттері бар кітапшалар. <b>Шарты:</b> Суреті бар кітапшаны алып, ішінашып, ішінде балалар билетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.</p>		<p><b>Ойын:</b> «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин) <b>Мақсаты:</b> Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. <b>Керекті құралдар:</b> ойынға керек ресурстар. <b>Мазмұны:</b> Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
--	--	---

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> -,-</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - -- Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> -</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> -- өлеңді жаттату</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p>
--	--	--	---	--	---

	<p>Алған білімдерін тиянақтау  <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.  <b>I айналым:</b>          Педагогтің мақалын жалғастырады.          Отан – оттан да ... (ыстық)          Жақсы – ... (өнеге)          Отан ... т.б  <b>II айналым:</b> педагог жұмбақ жасырады.          Өскен жері бау-бақша,          Күрең қызыл шіркін-ай,          Жидектің аты – ... (құлпынай)          Астық пісіп, орақ түсіп,          Қырман дөнге толады.          Бөбектерім,          айтыңдаршы,          Бұл қай кезде болады? (Күзде).</p>	<p>мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру,  <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.  <b>III айналым:</b> Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу.          Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.          Дөп теп,          Дөп теп.          Жағажайды жағалай,          Жүгіреді Қамажай.          Пай-пай-пай,          Жайылып жүр тай.          Ай-ай-ай,          Ұшып кетті торғай.          Үш кіші ішік піштім,          Бес кіші ішік піштім,          Неше кіші ішік піштім?</p>	<p><b>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру</b>  <b>Мақсаты</b> Сөздерле неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру          –Енді, балалар, біз ақылдылық, батырлық жайлы мақал жаттайық.          Ақыл азбайды, білім тозбайды.  <b>Дидактикалық ойыны:</b>  <b>«Ойлап, тап!»</b>          Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.          мысалы: ал–          Кір–</p>	<p>арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру  <b>Мақсаты</b> Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру  <b>Педагог жұмбақ жасырады:</b>          Күн күледі,          Жер түлейді. (Көктем)          – Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз.          Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.          Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Ұйқас сөздермен суреттейді.          Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді.          Көктем          Көктем қандай көңілді,          Көктем жаңбыр төгілді.          Мөлдір аспан ашылып,          Күннің көзі көрінді</p>	<p><b>Міндеті:</b> – Қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу,          -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау          -- Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу          -- өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты</b>-қуыршақ қамзолын салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру  <b>Топтық жұмыс</b></p>
<p>Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны</p>					

<p><b>Еліктеу ойындары:</b> “Кім жақсы айтады” <b>Р-р-р-ррр</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div> <p style="text-align: center;"><b>Ы-ы-ыы-ыыы</b></p>	<p><b>Гүлдерді иіскейік.</b> Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп естетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.</p>	<p><b>Ойын: «Өзен»</b> <b>Кішкене өзен арқылы.</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді. <b>Көрнекіліктер:</b> тақтай, жіп. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бәрі 2-3 рет жүріп өтеді.</p>
---	---	--

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру <b>Мақсаты:</b> Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау</p> <p>II.«Көктемге саяхат» 1.«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады. 2.«Түрлі түсті кемпіркөсақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді). 3.«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады). 4.«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды). 5.«Аңдар оянды» (оянып бой</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру <b>Мақсаты:</b> Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Ақ әжем» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) «Екеуіміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу – <b>Мақсаты</b> -Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту</p> <p>«Ең ептілер». Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет) Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Допты заттарды айналдыра жүргізу <b>Мақсаты</b> Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту</p> <p>«Қаңбақтар» (3 рет) Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> * Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру <b>Мақсаты</b> Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Ақ әжем» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) «Екеуіміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Полька» эстон халық</p>
--	---	---	--	---	--

	жазып, керіледі). 6.«Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді). 7.«Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).				би Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<b>Серуен</b>	<p><b>Бақылау:</b> Аязды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. <b>Қим. ойын:</b> «Сырғанақ тебу». <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шамамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. <b>Жеке жұмыс:</b> ( Нұрғали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым) Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз). <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өтетілеуов «Күшік». <b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Қарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. <b>Тақпақ:</b> Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. <b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. <b>Жеке жұмыс:</b> «Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрату. (Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ) <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтары дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. <b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек». <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
---------------	--	--	--	--	--

			<b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».	<b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау». <b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Беловодское ауылының жалпы орта мектебі

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **II-апта** 06 – 10 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толықаты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын туралы сұрау, баланы жекепікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кенес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.		<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Сөйлеп тұрған таңғы радио:</b> <i>«Нұр төккен, гүл көктем»</i> жайлы әңгімелесу Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. <b>Дидактикалық ойын:</b> <i>«Дала гүлдерін білесің бе?»</i> <b>Көрнекілігі:</b> көктем мезгілі суреті. Слайд суреттер. <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру. <b>Технология:</b> ақпараттық <b>Интеграция:</b> қатынас, Шығармашылық. <b>Қостілділік:</b> көктем – весна, <b>Барысы:</b> Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі, шөптесін өсімдіктер (4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы суретпен жұмыс жасау <b>Мақал-мәтел:</b> Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз <b>Сергіту сәті:</b> Әуен қойылады. Балалар ілесіп, қимылдар жасайды. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Біледі:</b> Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы; <b>Менгереді:</b> өсімдіктер (4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы білімдерін қалыптастыру	<b>Үстел үсті театр ойыны:</b> <b>Еріпшектер:</b> Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балң үйрек сен де тұр, Орган терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбекқанат тұр, Саусақтарым, ал жүгір.		<b>«Сәлем жаңа күн»</b> <b>Д/ойын:</b> «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер, су, ауа. <b>Мақсаты:</b> балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Балықтарға жем шашу	<b>«Табиғат мінезі»</b> <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Бұл қай кезде болады?»</b> <b>«Көктем көрінісі»</b> <b>Мақсаты:</b> көктем мезгілінің ерекшелігін білу. <b>Шарты:</b> суретке қарап әңгімелеу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Кезекшілікті ұйымдастыру Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатынын туралы әңгімелеу.

Ертеңгілік жаттығу	Таңғыжаттығукешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b>  <i>Тәулік бойы тынбайтын,          Болайықшы ақ жаңбыр.          (Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды)          Астан-кестен жауатын,          Өткінішпен біз жаңбыр.          (Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред)</i></p>	<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b>  <i>Әппақ болып таң атты,          Түтінтіке шығады.          Қарлығаштар қанатын          Самғап биік ұшады.</i></p>		<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b>  <i>Сылдырлайды мөлдір су,          Мөлдір суға қолыңды жу.          Жуынсаң сен әрдайым,          Таза бетің, маңдайың.</i></p>	<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b>  <i>Күндей жадырап,          Айдай арайлап,          Жұлдыздай жадырап,          Судай таза көңілмен,          Бүгінгі күнімізді бастайық</i></p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті-</b> Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру  <b>Мақсаты</b> :Мамандықтармен таныстыру</p> <p>–Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді</p> <p>Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды.          Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды.          Шопан болатын бала, Дикан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды.          Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандықтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту  <b>Мақсаты</b> төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру          Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»          Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ</p>		<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті-</b> Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру          - Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту(<b>кірік.08.03</b>)  <b>Мақсаты,</b>сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.          Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»          – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.          Мысалы:          Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).          Әжем шұлық ... (тоқыды).</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты:</b>өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.</p> <p>Суретте не бейнеленген?          Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр?          Сен әжеңе қалай көмектесер едің?          2. Әжеңе не сыйлайсың?          Суретін сал.          3. Есіңде сақта!          Асыл әжем, қуанышым, берекем,          Өнегенің өрісі де сен екен.          Педагог мағынасын түсіндіреді. Өнеге – үлгі деген мағынаны білдіреді</p>	



		<p>(көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), kozy (сүйкімді)... т.б.</p>		<p>Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты). Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.</p>	
<p><b>Үзіліс:</b> Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»</p>					

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,

Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы

Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара

Қалмай ұшып соңынан,

Ара қуды Мұратты.

-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,

Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араныңдауысы мен баланың ара шаққандағыдауысын сал)



**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Мақсаты:** Балаларды ептіліке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> -Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу  <b>Мақсаты</b> Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрет  Тәрбиеші саңырауқұлақ жайлы мәлімет береді. Балалар сендер білесіңдерме? Орманға шыққанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп отырғызып, балаларға табиғатқа серуенге барғандағы қауіпті деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды, екінші орталықтағы балаларға қауіпсіз деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды ұсынады. Тәрбиеші ормандағы қауіпсіздік ережесі жайлы айтады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту  <b>Мақсаты</b>уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:  Ақпан жыл ішінде нешінші ай?  Жылдың соңғы айы қандай?  Қазаннан кейінгі қандай ай?  Жаз айларын ата және т.б.  «Жыл мезгілі»  Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»  Педагог бастайды, балалар жалғастырады.  Алдымен көктем, содан кейін ... жаз  Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең  Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.  Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.  Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.</p>		<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.  - Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертен»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау(<b>кірік.08.03</b>)  <b>Мақсаты</b> Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту  .Демонстрациялық материалмен жұмыс  Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды.  «Жанды апта» дидактикалық ойыны  1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.  Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.  -Барлық демалыс күндерін атаңыз.  -Аптаның екінші күнін атаңыз.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b>Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау  <b>Мақсаты</b> . Таныс емес жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін түсіну.  <b>Проблемалық сұрақ:</b>  – Өмірде қауіпті заттар ғана емес, қауіпті адамдар да кездеседі. Қандай адамдарды қауіпті деп санауға болады?  Балалар бейтаныс адамдардан келетін қауіп туралы талқылайды.  <b>Қорытынды:</b> Өмірде мейірімді және жақсы адамдар өте көп, бірақ өкінішке орай, жаман адамдар да бар. Адамның сыртқы бейнесіне қарап, жаман ойлы екенін ажырата алмаймыз, өйткені жаман адам өте әдемі, мейірімді болып көрінуі мүмкін. Сондықтан барлық бейтаныс адамдардан алыс жүру керек  <b>Ойын жағдаяты:</b> Педагог балаларға алдын ала дайындалған көрініс ұсынады. Перде ашылып, ұлттық киім киген әдемі әже шығып, мейірімді, сабырлы дауыспен былай дейді:  – Қалқам, маған су берші, шаршап, шөлдеп қалдым. Сен қандай жақсы, мейірімді баласың, көмектесші маған.  Бала (үй иесі) есікті ашады, әжеге су ұсынады. Әженің орамалы шешіліп қалғанда, балалар мыстан кемпірді көреді. Ол қарқылдап күліп, балаға тап</p>
--	---	---	--	---	--

					береді. Келесі көрініс: Әдемі Ханшайым есік қағып, телефонмен сөйлесу үшін кіруге рұқсат сұрайды. Бала есік ашқанда, перде ішінен қолында кылышы бар Ханшайым шығады. Қорытынды: Бөгде адамдарға сеніп, есік ашуға болмайды. Егер бейтаныс адам есікті қағып тұрып алса, есікті жұлқыласа, дереу полицияға хабарласу керек
--	--	--	--	--	---

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»**

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**

**Шегіртке.**

Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,

Ән саламын ш-шырылдап:

-ш-ш-ш-ш-ш

Жоқ тұрақты мекенім,

Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.

-ш-ш-ш-ш-ш

(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)

**Қоңыз.**

Тым катулы кескіні,

Жақтырмаймын ешкімді,

Үлкен қара қоңыздың

Дауысы алыстан естілді:

-ж-ж-ж-ж-ж

Мұндай сұмдық бола ма?

Келе салып сонауға

Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге

Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»

-ж-ж-ж-ж-ж

Көбелек пен инелік

Қалды тіптен именіп.

Мұңды әуен басталды

Шегірткеміз күйзеліп:

-ш-ш-ш-ш

Ызылдады ара да:



**Ойын: «Күн мен жаңбыр»**

**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

**Ойынның шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

**Ұсыныс: Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендендер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.



<p>-3-3-3-3-3          Ызылдадымаса да:          -3-3-3-3-3          Ал өрмекшіүнтүнсіз          Жасырындытасаға          «Тыныштықтыбүгінгі          Келдідағыбүлдірді»-          Депқоңызғақұмырсқа          Өзренішінбілдірді.          Ал қоңызғабәрібір,  <b>Айтатыны:</b> «Ары ж-ж-жүр!»          Жанындаешдосыжоқ,          Гүж-гүжетіпәліжүр.          (Балақай, ойыншықжәндіктерменүстелтеатрынжасапойнауғаболады.          Әржәндіктіңсөзінайтыпболғансоң, оныңдыбысынсалудыұмытпа)</p>		
---	--	--

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b>--Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру  <b>Мақсаты</b> Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту          Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату.          – Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы).          Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, диск көрсетеді.          Интербелсенді тактада Алматымен таныстыру.          – Мынау – Алматы қаласы.          Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарарды.          Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп.          Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі).</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту  <b>Мақсаты</b> ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету          Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды?          Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді.          Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді.          – Ертегі ұнады ма?          – Ертегіде кімдер бар?          – Мынау – қолғап.          – Мынау не? (Қолғап).          – Бірінші кім келді? (Тышқан)          – Тышқан қандай?          – Тышқан кішкентай.          – Екінші? (Бақа)</p>		<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.          Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз.          Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді          Әже          Еркелетіп ертемен          Оятады ол мені.          Таңғы таза ауамен,          Тазалаймыз бөлмені.          Ертегісі өзінің          Таусылмайды не түрлі.          Әжімдері көзінің          Мейірімі секілді.          Кимешегін, жаулығын          Теңеп аппақ гүлге мен.</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b>-- анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.          -Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау          -Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию          -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе. Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту. – Алматы қандай қала екен? – Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем.</p>	<p>– Бақа не деді? – Бақа не істейді? – Тышқан не деді? – Соңғы кім келді? (Аю) – Барлығы неше болды? (6) – Аю қандай? – Аю үлкен. – Аю қалай жүреді?</p>		<p>Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен! (Әбубәкір Қайран)</p>	<p><b>Мақсаты</b>–наурыз ашық хатының суретін салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру <b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	---	--	---	--

**Үзіліс: «Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны.**

<p><b>Еліктеу ойындары:</b> “Кім жақсы айтады” <b>Р-р-р-ррр</b></p> <p align="center"><b>Ы-ы-ы-ыыы</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div>	<p><b>Гүлдерді иіскейік.</b> Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.</p>	<p><b>Ойын: «Өзен»</b> <b>Кішкене өзен арқылы.</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді. <b>Көрнекіліктер:</b> тақтай, жіп. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бәрі 2-3 рет жүріп өтеді.</p>
--	---	--

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. <b>Мақсаты</b> Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, нықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b>- Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету <b>Мақсаты</b>Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету</p>		<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру Ұлттық қимылды ойындарды ойнату(<b>кірік.08.03</b>) <b>Мақсаты</b>Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, нықтан жоғары алға</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті</b> Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту <b>Мақсаты</b>Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету <b>Музыка тыңдау:</b></p>
--	---	---	--	---	--

	<p><b>«Жігіттер» (3 рет)</b> Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта кону.</p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева) Ән айту: «Анашым» (Е. Хасанғалиев) «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай) «Полька» (эстон халық биі) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>		<p>қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту</p> <p><b>«Дегелек» ойыны.</b> Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденен ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p>«Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева) Ән айту: «Анашым» (Е. Хасанғалиев) «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай) «Полька» (эстон халық биі) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
<b>Серуенгедайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<p><b>Наурыз</b> <b>Серуен-Бақылау №1</b> <b>Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын</p>	<p><b>Наурыз</b> <b>Серуен-Бақылау №2</b> <b>Бақылау: Қайың ағашын бақылау</b> <i>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</i> <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай</i> <i>Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға.</i> <i>Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама.</i></p>		<p><b>Наурыз</b> <b>Серуен-Бақылау №4</b> <b>Бақылау: Итті бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> <i>жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;</i> — жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.</p>	<p><b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №5 <b>Бақылау: Бұлттарды бақылау</b> <i>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</i> Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы.</p>

	<p>арттыру, камкор болуға тәрбиелеу.</p> <p><i>Бақылау барысы</i></p> <p><i>Тәрбиеші:</i>  <i>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.</i>  <i>Жауған қарымен,</i>  <i>... құнар береді. (қыс)</i>  <i>Үлкендер қарбалас,</i>  <i>... дән себеді.</i>  <i>(көктемде)</i>  <i>Бақ пенен бақшаны,</i>  <i>... баптап өсіреді.</i>  <i>(жазда)</i>  <i>Дихандар жемісін,</i>  <i>... жинап береді.</i>  <i>(күзде)</i></p> <p><i>Тәрбиеші сұрақтары:</i>  <i>*Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?</i>  <i>*Қазір жылдың қай мезгілі?</i>  <i>*Көктемнің алдында қай мезгіл болды?</i>  <i>*Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?</i>  <i>*Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?</i></p> <p><i>Зерттеу жұмысы:</i>  <i>Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге</i></p>	<p><i>Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Сугарып, күтіп, баптасам.</i>  <i>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.</i></p> <p><i>Тәрбиеші сұрақтары:</i>  <i>*Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?</i>  <i>*Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?</i>  <i>*Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?</i>  <i>*Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?</i>  <i>*Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуга бола ма?</i>  <i>*Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?</i></p> <p>Зерттеу жұмысы  Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру:  оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?  Еңбек</p>	<p><i>Бақылау барысы</i>  <i>Көркем сөз «КҮШІГІМ»</i>  <i>А. Меңдібай</i>  <i>Кіп-кішкентай күшігім,</i>  <i>Сүйкімдісін өзінің.</i>  <i>Еркелейді ойнақтап,</i>  <i>Жылтырын-ай көзінің.</i>  <i>Оратылып аяққа,</i>  <i>Бір сәт тыным таппайды.</i>  <i>Кел, достарым,</i>  <i>жасқанба,</i>  <i>Күшігім менің қаппайды</i></p> <p>Тәрбиеші сұрақтары.  ♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?  ♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?  ♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?  ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?  ♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?  Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта саппайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз</p>	<p>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?</li> <li>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?</li> <li>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?</li> <li>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?</li> </ul> <p>Еңбек</p> <p>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу  <b>Мақсаты:</b> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету.  Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.</p>
--	---	---	---	--



	<p><i>ерігенін әңгімелеу.</i> <i>(көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)</i> Еңбек Гүл егетін жерді тазалау. <i>Мақсаты:</i> Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.</p>	<p>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.</p>		<p>керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу. <i>Мақсаты:</i> - ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.</p>	
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету. <b>Сурет салу</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету. <b>Сөйлеуді дамыту</b> Қарым- қатынас іс –әрекеті</p>		<p>Жеке баламен жұмыс <b>Жұмбақ:</b> Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)</p>	<p>Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал»</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p>Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны:</p>	<p>Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: -ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшандыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты</p>		<p>Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты: - белгі бойынша әрекет етуге баулу; - жылдамдық, байқампаздық</p>	<p>Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа</p>

	<p>Орнында тұрып биіктікке секіру.          Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.</p>	<p>нысанаға лақтыру.          Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту</p>		<p>дағдыларын дамыту.          Жаттығу ойыны:          Қимылдарын дамыту.          Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру).</p>	<p>тәрбиелеу</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>		<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b>          - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас



Жоспардың құрылу кезеңі ІІІ-апта 13 – 17 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеуіс- әрекеті, кітаптарды қарау және бақшалар)</b>	<b>Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс</b> Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	<b>Дидактикалық ойын</b> «Бұл не? Кімге керек?» <b>Мақсаты:</b> Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	<b>«Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	<b>Нан туралы тақпақ</b> Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар!	<b>Үстел – үсті ойыны:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақсаты:</b> Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 9				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b>	<b>«Кім шапшан»</b> Мақсаты: Балалар топтасып ойнай алады	<b>«Тәрбиеші апайлар»</b> тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.	Тіл ұстарту жаттығулары <b>«Теңін тап»</b> Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	<b>«Дүкенші»</b> Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.	<b>«Не артық»</b> Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, -Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету.</p> <p>–Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз.  –Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе?  –Ендеше өз аналарыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құрандар. Педагог балаларға көмек ретінде қосымша сұрақтар қояды:  –Анаңның аты кім?  –Кім болып жұмыс істейді?  –Анаңды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам?  –Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің?  Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы:</b>  «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»  – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар.  <b>Мысалы:</b> жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншак), сары ... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (қияр), ұзын... (бантик)  т.б.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру,</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы:</b> «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»  – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар.  <b>Мысалы:</b> жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншак), сары ... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (қияр), ұзын... (бантик)  т.б.</p> <p>Дидактикалық жаттығуы:  «Сөз жина, тез жина»  – Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру,</p> <p>Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.  Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  Сөзді қолды шапалақтап, буынға бөледі.  Педагог тақтаға тырма сөзінің сызбасын іледі.  Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.  Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  .Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты:</b> ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру</p> <p>Өлеңде не туралы айтылған?  – Өлең ұнады ма?  – Авторы кім?  – Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады?  – Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады?  – Қай уақытта малдар төлдейді?  – «Сары уыз» деген не?  Өлеңді суреттер бойынша қайтала.  Педагог мнемокестедегі суреттер арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды.  Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей болатыны туралы айтып түсіндіреді</p>

			орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасандар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «э.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.э.б.і.з.», - «ал.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.э.р.і.».		
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:** Жүгіруге арналған ойындар «Торғайлар мен мысық»

		<p><b>Ойын:</b> «Торғайлар мен мысық»  <b>Мақсаты:</b> балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту.  <b>Шарты:</b> Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, <u>торғайларды көріп</u>, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен <u>мысыққа ұсталған торғайлар</u>, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 <u>торғайды ұстаған соң</u>, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.  <b>Ұсыныс:</b> мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)</p>
---	--	--

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> -Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу  <b>Мақсаты</b> Байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту</p> <p>Компьютердің жалпы қызметі туралы не айта аласындар?  - Компьютер ақпараттық-байланыс құралға жатады. Компьютермен сурет салуға, кино, мультфильмдер көруге, ойындар ойнап, хат жазуға т.б. көптеген іс-әрекеттерді орындауға болады.  - Компьютер не үшін қажет?  - Компьютердің қызметі жайлы не білесіндер? Оның құрылымы қандай? Компьютер суретін көрсету. Құрылысы жайлы әңгімелеу. Балалар компьютер туралы білетіндерін айтады.  - Компьютер – монитор (экран), клавиатура, процессор, принтер, дыбыс күшейткіш колонкаларынанжәне «тышқаннан» (қозғалтқыш) тұрады. Педагог ноутбук алып шығады.  - Мынау не? Бұны</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту  <b>Мақсаты</b>Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту</p> <p>«Жанды апта» дидактикалық ойыны  1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:  «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.  Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.  -Барлық демалыс күндерін атаңыз.  -Аптаның екінші күнін атаңыз</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Циферблат бойынша уақытты анықтау  <b>Мақсаты:</b>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту</p> <p>демонстрациялық материалмен жұмыс.  - Суреттерді қараңдар.  -Бірінші суретте не бейнеленген?  - Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші).  Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Танертен, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Циферблат бойынша уақытты анықтау  <b>Мақсаты</b> Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту  . 3-тапсырма  Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.  4-тапсырманы орындау  Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b>Мемлекеттік мерекелердің Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну  <b>Мақсаты</b> наурыз мейрамы туралы түсінік беру, ұлттық ойындар арқылы балалармен математикалық тапсырмаларды орындап, өткен тақырыпты бекіту және көктем гүлдерінің түрлерімен таныстыру, шығармашылық жұмыстарға баулу.</p> <p>Балалар, сендер білесіндер ме наурыз айында қандай мейрам болатынын?  - Наурыз мейрамын біздің халқымыз қалай тойлатады? Қандай ұлттық ойындарды білесіндер?  - Балалар, Наурыз мейрамына барып, қатысқыларың келе ме?  - Олай болса барлықтарымыз орнымыздан тұрып, Наурыз мейрамға ән айтып барайық.  Балалар, біздің топта да білім алға бассың. Бүгін біз мейрамда түрлі ұлттық ойындар ойнап, жарысайық. Қыдыр Атамызға өз білімдерімізді көрсетейік. Балалар, ойын ойнап, жарысамыз ба?</p> <p>Қыдыр Ата</p> <p>- Балалар, мен сендерге</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>компьютер деп атауға бола ма?          – Ноутбук – компьютердің кішірейтіліп, өзімен бірге алып жүруге ыңғайланған формасы.          Педагог ноутбукке алдын ала жазылып, дайындалып қойылған слайдтарды балаларға көрсетіп, әңгімелейді.          – Балалар, біз компьютермен сөйлесе аламыз ба? Ал мына компьютер сендермен сөйлескісі келіп тұр.</p>				<p>жұмбақ жасырамын, жауабын тауып көріңдерші.          Жұмбақ          Құлпырса, қадірлейді, аялайды.          Құраса сыпырғышқа жарамайды.          – Бұл не?          -Жарайсыңдар балалар, сендер менің жұмбағымның жауабын шештіңдер, мен сендерге осы көктем гүлдерін сыйлаймын.</p>
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар  
«Күн мен түн»**

 	 	<p><b>Ойын: “Күн мен түн”</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту.  <b>Шарты:</b> “Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м рақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресебір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйінежүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқанқатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топжеңіске жетеді.  <b>Ереже:</b>          1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.          2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.          3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.</p>
--	---	---



**3 - ұйымдастырылғаніс-әрекет**

	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b>-- - Шығарманы рөлдерге бөліп сомдау <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан».</p> <p>Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс ертегілерді айтындаршы.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.</p> <p>Суреттермен жұмыс. Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді <b>Мынау не?</b> – <b>Мынау – қарлығаш.</b> <b>Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады.</b> <b>Ертегісін тыңдату.</b> <b>Суреттер бойынша жұмыс.</b> – <b>Мынау – Қарға.</b> – <b>Мынау не?</b> – <b>Мынау – Қарға.</b> – <b>Мынау – Көкек.</b> – <b>Мынау не?</b> – <b>Мынау – Көкек.</b> – <b>Мынау – Дәуіт.</b> – <b>Мынау не?</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - ,Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру <b>Мақсаты</b> киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). – Көйлек неге артық? – Көйлек – киім. – Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру. – Көйлек, шалбар, жейде – нелер? – Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер. Мынау – ұзын жең жейде Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> -Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру <b>Мақсаты</b> Ана туралы өз ойларын айтқызу.</p> <p>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».</p> <p>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталаатады Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».</p> <p>Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b>ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру</p> <p>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. – Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде? – Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады.</p> <p>Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді <b>Наурыз</b> Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде - жаз, Түнде қыс Секілді екен Наурыз. Төлдеп жатыр малымыз, Қазан толы сары уыз. Сүті көп те, Көмірі аз Болады ғой Наурыз. Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәміміз. Көжесі көп, Қыры көк Қандай жақсы наурыз!</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Міндеті:</b>-түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу -достық туралы тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту -Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту <b>Мақсаты</b>–қонжықты суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру <b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	--	--	--	--



– Мынау – Дәуіт.  
 – Мынау – Жылан.  
 – Мынау не?  
 – Мынау – Жылан  
 – Қарлығаш көмек сұрады.  
 – Қарлығаш не істеді?  
 – Қарлығаш көмек сұрады.  
 – Көмек, кө-мек.  
 – Қарлығаш Көек және Қаргадан көмек сұрады.  
 – Қарлығаш нелерден көмек сұрады?  
 – Қарлығаш Көек және Қаргадан көмек сұрады. – Көек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді. – Көек не деді? – «Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. Қарға не деді? – «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. – Осы істері дұрыс па? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығашқа не көмек берді? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығаш пен Дәуіт дос болды.  
 – Қарлығаштың досы ....  
 – Дәуіттің досы ...

Үзіліс: «Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны

		<p><b>Ойын: “Кесіртке”</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту.  <b>Шарты:</b> Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі.</p>
--	--	---

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу  <b>Мақсаты</b> Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту</p> <p>«Дегелек» ойыны.  Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b>- Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру  <b>Мақсаты</b>Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p><b>Музыка тындау:</b>  «Келіншек» к.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай)  Ән айту:  «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Айна» орыс х.э. (өнд М. Раухвергер)  Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр)  <b>Мақсаты</b> -Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену</p> <p>Биіктікке секіру.  Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек. Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі.  Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр)  <b>Мақсаты</b> Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену</p> <p><b>«Тақиятастау»</b>  Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады. Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тындау</p> <p><b>Мақсаты</b> Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p><b>Музыка тындау:</b>  «Келіншек» к.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай)  Ән айту:  «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)</p>
--	---	---	---	--	---

		жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)	екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді	Көлденең нысанаға асықты бір қолмен лақтырады. Бастапқы қалыпқа нұсқау бойынша тұрады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп күшін мөлшерлеп лақтырады. Нысанаға тура тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңд М. Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыскиінугеүйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыскиінугеүйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінугеүйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №6 <b>Серуен бақылу:</b> Қарды бақылау <i>Мақсаты:</i> — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»</i> <i>Ш. Ахметов</i> <i>Ақ қар еріп,</i> <i>Су көбейіп,</i>	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №7 <b>Серуен бақылу:</b> Шырша ағашын бақылау <i>Мақсаты:</i> — Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру; — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жасыл шырша»</i> <i>К. Әзірбаев</i> <i>Қанша заман өткенімен,</i> <i>Ескірмейтін асыл шырша.</i> <i>Алатаудың көктемімен,</i>	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №8 <b>Серуен бақылу:</b> Су тамшыларын бақылау <i>Мақсаты:</i> — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. «Сұңгілер»</i> <i>А. Меңдібай</i> Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап,	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9 <b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Өлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> (күн)	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9 <b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Өлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i>

	<p><i>Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? *Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? *Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмыстары Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі</i></p>	<p><i>Доссың зой сен, жасыл шырша. Өзгермейсің қыс келсе де, Бояғыңды оңдырмайсың. Аяз шымшып, тістесе де, Жапырағыңды тоңдырмайсың. Балаларға сұрақтар: *Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде? *Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді? *Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер? Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады. Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа</i></p>	<p><i>Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) ◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) ◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) ◆ Шуақты күні ше? (өседі) ◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді?(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. Еңбек</i></p>	<p><i>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p>	<p><i>Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға</i></p>
--	---	---	--	--	---

	қар неге биік? Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істеуді үйрету.	ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау. Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. <i>Мақсаты:</i> ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.	Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. <i>Мақсаты:</i> кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.		аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Қоржынды сәңдейміз» <b>Мақсаты:</b> Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Сурет салу</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Алинур, Рамазан	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Отбасының күзгі еңбегі» <b>Мақсаты:</b> Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту. <b>Сөйлеуді дамыту</b> Қарым- қатынас іс –әрекеті Аяла, Айгерім	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Інжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. <b>Құрастыру</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Бекзат, Нұрсұлтан	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Алияға қаламды дұрыс ұстауға үйрету. <b>Қоршаған ортамен танысу</b> Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс-әрекеті	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Автобус» <b>Мақсаты:</b> Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Сурет салу</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс- әрекеті Айлин, Айбек
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үстөйіндары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқала р)</b>	Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге	Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту.. Жаттығу ойыны Доппен жаттығу. Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Орман ел дәулеті, жер	Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: —Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты: секіре	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты: секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.

	<p>жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.</p>	<p>сәулеті. -Аяламан ағаш та, аспандап өспес.</p>	<p>сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.</p>	<p>білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.</p>	<p>Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі ІІІ-апта 27 – 31 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс</b> Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	<b>Дидактикалық ойын</b> «Бұл не? Кімге керек?» <b>Мақсаты:</b> Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	<b>«Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	<b>Нан туралы тақпақ</b> Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар!	<b>Үстел –үсті ойыны:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақсаты:</b> Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 9				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b>	<b>«Кім шапшан»</b> Мақсаты: Балалар топтасып ойнай алады	<b>«Тәрбиеші апайлар»</b> тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.	Тіл ұстарту жаттығулары <b>«Теңін тап»</b> Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	<b>«Дүкенші»</b> Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.	<b>«Не артық»</b> Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.


Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту  <b>Мақсаты</b> :Көркем шығармаларды сахналауға үйрету</p> <p>Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.  –Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?  –Күшіктің анасын қалай атаймыз?  –«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?  –Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.  –Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?  –Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.  –«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?  –Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.  «Күшік пен Мысық»  Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.</p> <p>–Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.  –Кой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.  –Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.</p> <p>–Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.</p> <p>Қасқыр:  –Енді маған кара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды.  –Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту.</p> <p>«Кәне, тауып көр»  дидактикалық ойыны  – Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап сызбасын көтересіңдер.  Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.  Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор- , қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру  <b>Мақсаты</b> сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту.</p> <p>«Сөйлем құрай аламын» дидактикалық ойыны  Көрнекілігі:  «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда», «Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер.  Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем балабақшаға келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Үйренгендерін қайталау, пысықтау  <b>Мақсаты</b>Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту.</p> <p>«Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап»  дидактикалық жаттығуы  Педагог сағат, асық, қас сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, с дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты бояйды.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b>-Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту  <b>Мақсаты:</b>ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру.</p> <p>Суретте не бейнеленген?  Досыңмен сурет бойынша рөлдік диалог құр.  2. Наурыз күні айтылатын тілекті жаттап ал.  Ақ мол болсын!  Қайда барсаң, жол болсын!  Ақ мол болсын! – сүт, айран мол, тоқшылық болсын деген мағынада.  Қайда барсаң, жол болсын!  – жолаушыға ақ жол тілеу.  3. Наурызкөжеге қосылмайтын нәрсені қоршап сыз.</p>



	<p>кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі.          –Мысық, мен сені жеймін, – дейді.          –Мені тойдыр, күшік.          –Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.          –Мысық, маған қара, құлағым, көзім, күйрығым қандай?          –Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік:            –Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.          Сонда Мысық:          –Әй, мақтаншақ, әліне қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді.</p>	<p>мы-, мон-, [г], [ш],          сөз, көз, бала, жа-,          үс-, ші-, то-, ки-,          [з], [и], са-, ша-, ет,          елік, білезік,          күнбағыс, ұр-, ын-,          лек-, діз-, тик-,          қыш-, дол, қол, бол,          сал, мал, тау, қы-,          тық-, ем-, ек-, іс-,          -діз.</p>			
--	---	---	--	--	--

Үзіліс:

**Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылың жасайық»**




**Құрылымдалған ойын:**

**Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»**


**Мақсаты:** Балалардың көру қабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.


**Шарты:** Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер. Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.

**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4Қ. Сыни ойлау)



## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

--	---	---	--	---	---

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 1 – 5 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>		<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>		<b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Ел қорғауға әзірмін»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	<b>Ойын – жаттығу:</b> «Мен батырмын»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	<b>Ойын «Жімнің үйі?»</b> Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	<b>Үстел үсті ойындары</b> <b>Мозайка құрастыру</b> Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұқсай ма, ұқсамай ма</i> <i>Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</i> <i>Табиғат бұрышында еңбек</i>
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 13				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)</b></p>		<p>«Отан»  <b>Отан</b> - тарих, <b>Отан</b> - тіл,  Жасаған елің, ер халқын.  <b>Отан</b> - өлең, <b>Отан</b> - жыр,  Көтерген көкке ел даңқын...  <b>Отан</b> осы, достарым,  Көңілге мұны түйе біл.  «<b>Отан</b>» деп өс, жас қауым,  Оны ардақтап, сүйе біл.</p>	<p>«Ел қорғайтын, ер ағалар»  Ел қорғайтын, ер ағалар,  Ардағымыз, арымыз.  Ерлер тойын, елдің тойын,  Қарсы аламыз бәріміз!</p>	<p>«Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!»  Жүреміз даңқты жолдармен,  Қырандар бірге самғаған.  Өзірге титтай болғанмен  Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!</p>	<p>«Отан қорғаушылар дегеніміз кімдер?»  Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру.  <i>Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашалау</i></p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
		<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру  <b>Мақсаты</b> алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.</p> <p>.Дидактикалық жаттығу:  «Қайсысы дұрыс?»  – Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.  Мысалы: ааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дээәріхана-дәріханааа, кооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбырааа, қоообыз-қобыыыз, жаааалбыз-жалбыыыз, қааасық-қасыыық,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> -Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру  <b>Мақсаты</b>алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.</p> <p>. Дидактикалық ойын:  «Досыңды шақыр»  – Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-бірінді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз).  Мысалы: (Дастаааан!  Серікбоооол! Айғаныыыым!  Айшаааа! Ернаааар!  Балжаааан!  Ардаааақ! Санжаааар!  Беріііік! Мереееей! т.б. )  – Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Дидактикалық жаттығу:  «Буындардан сөз құра»  – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.  Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.  – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті.</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Жаттап ал.  Бақытты елде туғанбыз,  Бақытты өмір сүреміз.  Педагог сөздің мазмұнын түсіндіреді.  – Сендер Тәуелсіз Қазақстанның бақытты баласысыңдар. Елімізде бейбітшілік, сендердің ұйқыларың тыныш, отбасыларың аман, көршілермен тату тұрасыңдар. Бақытты өмір сүру деген – осы</p>

жааарғанат-жарғанаат,  
жыылқы-жылқыы,  
теекше-текшесе,  
баалапан- балапаан,  
бооотақан-ботақаан,  
көөөзілдірік -көзілдіріік,  
жааапырақ-  
жапыраақ , көөөрпе-  
көрпесе т.б

Үзіліс:

**Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**

**Ойын:** *Жүретін саусақтар.*

**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.

**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.



**Үстел үстінде ойналатын ойындар.**

**Ойын:** «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин)

**Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

**Керекті құралдар:** ойынға керек ресурстар.

**Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

		<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау  <b>Мақсаты</b> «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>. Ойын жаттығуы: «Сана»  Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.  – Осы карточкалар туралы не айтуға болады?  – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, <math>5=5</math>, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.  Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.  «<math>\leftarrow</math>» белгісін қоюға болады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау  <b>Мақсаты</b> «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p><b>1-тапсырманы</b> орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.  Педагог сұрайды:  - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8)  - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8)  - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең)  - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды сананыз. Олардың саны қанша? (7)  - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4)  - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ)  - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату  <b>Мақсаты</b> қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру</p> <p>.Шағын топпен жұмыс.  Санамақ арқылы балалар екі топқа бөлінеді.  Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады.  Тапсырманы орындауды ұсынады.  Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді).  – Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді).  – Аквариумда неше балық бар?  Сандар жазылған карточкаларды шығарады: <math>4 + 2 = 6</math></p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b>-Мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту (<b>кірікт.01.05</b>)  -Мемлекеттік мереке Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу  <b>Мақсаты</b> Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру. Елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен, салт-дәстүріне құрметпен қарай, а тәрбиелеу. Өз Отаның сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>1 Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалар қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді.  -«Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?  -Сендер қандай ұлттың өкілдерін білесіңдер?  -Сендердің достарыңның арасында басқа ұлттың балалары бар ма?  -«Дос» сөзін қалай түсінесіңдер? «Достық мектебі» ойыны.  Шарты: Арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады.  Көпірден біз өтеміз,  Достық мектебіне жетеміз.  Көпірден өткін ақырын,  Айт, досыңның аты кім?  Көпірден түгел өттік біз,  Достық мектебіне жеттік біз.  Балалар достарының атын атап, көпірден өтеді.</p>
--	--	--	---	---	---

## Үзіліс:

### Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары

#### Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы

**Мақсаты:** Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

#### Ойын шарты:

Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр.

Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетугін өтінізіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.

#### «Достық» жаттығуы

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (қолдың саусақтары өзара бірігеді)

Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)



Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).

Сергіту сәті

Санайық жаңаша

Бір, екі, үш!

Желбіре жалауша,

Достықта біздің күш.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Оларды атап шақырар,

Әрқайсысының аты бар.

Бас бармақ,

Балаң үйрек,

Ортан терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

«Қимылды қайтала» жаттығуы

Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

Жаттығу барысы:

Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгүлі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.

Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»

Мақсаты: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу.

Материал: сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге арналған орамалдар.

Ойынға дайындық: әскери тақырыптағы суреттерді қарау,

шығармаларды оқу: Л. Кассиль " бас Армия»,

"Кеңес сарбазына ескерткіш", Я.Друганский" сарбаздар не істей алады".

Ойынға атрибуттар жасау.

Барысы: Қарау иллюстрациялар ҰОС туралы.

– Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте қаларлық мерекені атап өтеді.

Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан

соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы

келді, бірақ олар жетістікке жете алмады. Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен

шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді.

Бүгін біз "әскери" ойынның ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери,

сарбаздар, командирлер, ұшқыштар).

Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп,

өз орындарымызды аламыз.

Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат

керек. Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике.

Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау

керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери

зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз).

Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы

пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен

айналысады.

Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз.

Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар.

Мобильді ойын " Кім жылдам?"

Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындықтарда

гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда

бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киюі

керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс

жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады

командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі

жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды.


### Психологиялық ойын:

#### Ойын: «Атомдар мен молекулалар»

**Мақсаты:** Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни азғасында хромосомалар құрылымы өзгерген.

#### Ойын шарты:

«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетіміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».



### Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»








### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

		<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру <b>(кірікт. 01.05)</b>          -Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.</p> <p><b>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.</b>          – Балалар, мынау – аула.          – Мынау не?          – Мынау – аула.          – Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).          – Аулада не болуы мүмкін?          Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.          Педагог үй құстарын (тауық, этеш) естеріне түсіреді. Мынау не?          Аулада тауық (этеш) бар.          Құстардың суреттерін аулаға орналастырады          – Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.          – Мынау – ... (қаз).          – Қаз қандай құс?          – Қаз – үй құсы.          – Аулада қаз бар.          – Аулада не бар?          – Аулада қаз бар.          – Мынау – үйрек. Үй-рек.          – Мынау не?          – Мынау – үйрек.          – Үйрек – үй құсы.          – Үйрек қандай құс?          – Үйрек – үй құсы.          – Аулада үйрек бар.          Мынау – аула. Аулада үй</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> -Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру <b>(кірікт.01.05)</b>          - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру  <b>Мақсаты</b> Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету</p> <p>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.          Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:          –Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:          –Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата:          –Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:          –Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:          –Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:          –Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:          –Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.          –Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?          –Әңгіме не туралы айтылған?          –Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?          –Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).          –Балалар сендер бұынға бөле</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру  <b>Мақсаты</b> еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p><b>1 Мамыр – халықтар достығы мен ынтымағының мерекесі.</b>          – Бұл мереке несімен ерекше?          (Слайд арқылы таныстыру.)          – Достық – барлық халықтың бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.          – Біз бүгін ақын Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.  <b>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді</b>  <b>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</b>          – Өлең ұнады ма?          – Авторы кім?          – Өлең қалай аталады?          – Өлеңде не туралы айтылған?          – «Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - - Табиғаттың күрделі емес бейнесін суретте көрсету, балалардың алма ағашы туралы білімдерін бекіту          -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу          -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу          -Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b> көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	--	---	---	--



		<p><b>жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: этеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.</b></p> <p><b>Балалар мәтінді қайталайды</b></p>	<p>аласындар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?</p> <p>–Неше буыннан тұрады?</p> <p>–Иә, дұрыс айтасындар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады.</p> <p>–Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды.</p>	
--	--	--	--	--

**Үзіліс:**

<p><b>Аз қимылды ойын: «Кім алысқа»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.</p>  	<p><b>Ойын: «Әскери мамандықтар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.</p> <p><b>Шекарашы</b> Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді. С. Чертков</p> <p><b>Ұшқыш</b> Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады. С. Чертков</p> <p><b>Теңізші</b> Теңізші кемеді жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі. С. Чертков</p> <p>Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы, барлаушы, теңізші, сарбаз, о-фи-цер.</p>	<p><b>Қимылды , еңбек ойын: «Күзетшілер»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады. Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады. Екеуінің де көзі орамалмен байланады да, аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап, қарама-қарсы «көпір» жасап тұрады. Басқа балалар бір-бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс. Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды. Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса, оған қолын тигізеді, яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі. Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады. Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!</p>	 <p><b>Лабиринт</b></p>  
--	--	--	---

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

		<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету  <b>Мақсаты</b> Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)  Ән айту:  «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)  Көктем» (А. Жайымов)  Музыкалық-ырғақтық кимылдар:  «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)  Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар:  «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау:  «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>.- гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).(кірік.01.05)  отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет).  <b>Мақсаты</b> .Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету.  Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру</p> <p>«Баскетбол»  Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.  Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Допты екі қолмен лақтырады. Лақтырған кезде қолдарын кеуде тұсында ұстап, шапшаң түзулеп, жоғары-алға траекториясымен жұбына береді.</p> <p>«Гимнастика»  Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.  Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары.  Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. Тепе-теңдік сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),  <b>Мақсаты</b> .Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу</p> <p>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.  Бастапқы қалыпқа тұрады.  Ырғақпен секіртпеннің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.</p> <p>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті</b> Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту  <b>Мақсаты</b> Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау:  «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)  Ән айту:  «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)  Көктем» (А. Жайымов)  Музыкалық-ырғақтық кимылдар:  «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)  Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар:  «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау:  «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p><b>Серуен</b></p>		<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №1</b> Бақылау: <b>Жәндіктерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші жұмбақтар жазырады:</b> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Бзыңдап көп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жұп-жұқа канаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Кұжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырска) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №2</b> Бақылау: <b>Ауа-райын бақылау</b> <b>Мақсаты :</b> <i>Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</i> <b>Бақылау барысы</b> <i>Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдыңқай мезгілі суреттелген?(көктем). <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №3</b> Бақылау: <b>Гүлзарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, сугару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардыңқандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердіңүйлеріңде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуга арнап топта өсіріп жағырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуга болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, копсыту). <b>Мақсаты:</b> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердінесуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №4</b> Бақылау: <b>Ауа-райын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b><i>Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</i> <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</b> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдыңқай мезгілі суреттелген?(көктем). <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі</p>
----------------------	--	--	---	--	--

		<p>личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (<i>құмырсқа</i>) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) <b>Зерттеу жұмысы</b> Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i></p>	<p>түр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). <b>Еңбек</b> Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p>		<p>мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p>
<b>Серуеннен оралу</b>		Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>		Альфия мен Заңғарға Қ дыбысына сөздер айтқызу	Санат пен Ерасылға заттың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту.	Балназымға апта күндерін жаттату.	Айзереге пішіндер түрін жаттату.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-</b>		Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.	<b>Қимылды ойын «Үшінші артық».</b> Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». араға, бал-балаға.	<b>Қимылды ойын «Үшінші артық».</b> Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу.

<p><b>тарды қарау және басқалар)</b></p>		<p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады</p>	<p><b>қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны</b> <b>Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты:</b> <b>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;</b> <b>Қозғалыс координацияларын сақтау;</b> <b>Мақал-мәтел</b> <b>-Сәуір айы-су айы,</b> <b>Мамыр айы- гүл айы.</b> <b>-Көктемгі жауын артық болмас.</b></p>	<p>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. -Гүл-</p>	<p><b>Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</b> <b>Жаттығу ойыны</b> <b>Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты:</b> <b>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;</b> <b>Қозғалыс координацияларын сақтау;</b> <b>Мақал-мәтел</b> <b>-Сәуір айы-су айы,</b> <b>Мамыр айы- гүл айы.</b> <b>-Көктемгі жауын артық болмас</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі II-апта 8 – 12 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес ,әңгімелесу</b>			<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>			<b>Ойын – жаттығу: «Мен батырмын»;</b> Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. <i>Қарулы күштердің мемлекетімізді сыртқы жаудан қорғау үшін қажет екенін түсіндіру.</i>	<b>Дидактикалық ойыны: «Сықырлы суреттер»</b> Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. <i>Балаларды Отанын, елін, жерін қорғауға тәрбиелеу</i> <b>Мақсаты:</b> балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту, құрастыру дағдыларын жетілдіру.	<b>Үстел үсті ойындары</b> <b>Мозайка құрастыру</b> Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұқсай ма, ұқсамай ма Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</i> <i>Табиғат бұрышында еңбек</i>
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 13				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</b></p>			<p>«Ел қорғайтын, ер ағалар» Ел қорғайтын, ер ағалар, Ардағымыз, арымыз. Ерлер тойын, елдің тойын, Қарсы аламыз бәріміз!</p>	<p>«Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!» Жүреміз даңқты жолдармен, Қырандар бірге самғаған. Әзірге титтай болғанмен Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!</p>	<p>«Отан қорғаушылар дегеніміз кімдер?» Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. <i>Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашалау</i></p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> <b>Мақсаты</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - <b>Мақсаты</b> .</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> - - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту (кірікт.09.05) - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту <b>Мақсаты</b>Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. .  Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дөп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, кырық-қабат, даң-ғыл, коны-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b>Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту <b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту  «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, окшаулау, оқтар т.б. -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б. Ойын соңында жұлдызшасы ең</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті.</b>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру  Суретке қарап, тақырыбын болжа. Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Ортада жанып тұрған от туралы не білесің? Балалардың қолында не бар? 2. Жеңіс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя. 3. Мақалды түсініп ал. Отан үшін отқа түс, күймейсің. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді.</p>	

			<p>көресіндер? Айтып беріндерші?          Балалардың жауабы тыңдалады.          Балалар дәптердегі суретке мұқият қараңдар.          Дәптермен жұмыс          1. Суретке қара. Сызба бойынша сөйлем құра.          2. Жұмбақты шеш. Шешуін буынға бөл.          Бір көзім: «Кідір!» – дейді,          Бір көзім: «Жүр!» – дейді.          Бір көзім: «Абайла!» – дейді,          –          «Қарап ал, маңайға!» – дейді.          3. Бағдаршамның түстерін ата. Сары түсті белгіні тиісті дыбыстық сызбамен қос</p>	<p>көп бала жеңімпаз болады.          Дәптермен жұмыс          1. Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра.          2. Дыбыстық талдау жаса          Таң, бұлт сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға орындарында өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Дыбыстық сызбаны тақтаға іліп бір- бір баладан тақтада жасатады. Балалар жұмыстарын тақтадағы талдаумен салыстырады, қателерін түзейді.          Таң сөзінің дыбыстық талдауы.          Таң сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.          т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.          а – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.          ң – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>	
--	--	--	--	---	--


<b>Үзіліс:</b>		
<p><b>БАЛА САУСАҒЫН ОЙНАТА ОТЫРЫП, ТІЛІН ДАМЫТУ</b>          Ә. Нарымбетовтің «Шекарашы ағалар» өлеңін оқу, жаттау.          Тыныштығын елінің,          Тыныштығын жерінің          Күзететін қырағы,          Туған елдің қыраны.          Отанымның ұланы –          Шекарашы ағалар.</p>	<p><b>Тақырыбы: "Үйрек үйрек, қаз".</b>  <b>Мақсаты:</b> Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.  <b>Барысы:</b> Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, ..... қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.  <b>Ойынның қиындығы :</b> олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" ролінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.</p>	<p><b>Үстел үстінде ойналатын ойындар.</b>  <b>Ойын: «Сарбаздарға не керек?»(5-10 мин)</b>  <b>Мақсаты:</b>Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.  <b>Керекті құралдар:</b> ойынға керек ресурстар.  <b>Мазмұны:</b> Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.          «Сақшы» ойынын рөлдерге бөліп ойнату.  <b>Мақсаты:</b> Балаларды өз қалауларымен рөлдерді бөлу және олардың іс-әрекеттерін дұрыс атқару, бірлестікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.</p>
<b>2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>		



	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> -</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> <b>Мақсаты</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b> - Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. <b>(кірікт.09.05)</b> - Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету <b>Мақсаты</b> Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.</p> <p>демонстрациялық материалмен жұмыс – Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ – таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b> - Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету <b>Мақсаты</b> Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.</p> <p>1-тапсырмада балалар өлшеуіштерді бояйды, салыстырады. – Әр қарындаш үшін қанша өлшем боялған? Ең ұзынын табыңыз. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түсті. Онда қанша өлшем бар? Сол сияқты, күнбағыспен берілген тапсырма орындалады. Педагог балаларды тапсырманы орындау кезінде ұқыптылыққа шақырады. Дәптерлерін үстелдегі көршісіне көрсетуді ұсынады. Өз пікірін бір-біріне білдіруді болатынын айтады.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанның қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы білу -Өз Отанның жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну <b>Мақсаты</b> балаларды әскери мамандық түрлерімен және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру</p> <p>1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Фашистер бүкіл әлемді жаулап алғылары келді. Бірақ елін, жерін жаудан қорғаймыз деп бүкіл Кеңестер Одағының ержүрек ұл-қыздары қару-жарақ алып, қарсы тұрды. Ұлы Отан соғысы кезінде біздің көптеген әскери сарбаздарымыз ерлікпен шайқасып, неміс фашистерінен елімізді қорғап қалды. Майданда талай батыр аталарымыз бен апаларымыз өздерінің ержүректілігімен көзге түсіп, батыр атанды. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Оның ішінде біздің Қазақстаннан шыққан батырлар өте көп. Қазақтың батырларының бірі – Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, аты аңызға айналған жазушы – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы – Мәскеуді қорғаған, батальон командирі, қайтпас қайсарлығымен, батырлығымен көзінңің тірісінде аты аңызға айналған даңқты қолбасшы. Соғыстан кейінгі жылдары әскер бөлімінде қызмет атқарды Елордамыздың 10 жылдық мерейтойында Нұр-Сұлтанның төрінде 16 метрлік алып ескерткіш Бауыржан Момышұлы құрметіне орнатылды (суретті көрсету). – Кеңестер Одағының тағы бір батыры – Рақымжан Қошқарбаев Берлинді алу кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. «Отанымызды қорғаймыз» деп барлық адамдар бір кісідей жұмылып, жауға қарсы тұрды, сондықтан Ұлы Отан соғысы деп аталады. – Кеңестер Одағының батырлары, қазақ қыздары Мәншүк Мәметова, Әлия</p>
--	---	---	--	--	---

					<p>Молдағұлова бейнеленген. Мәншүк Мәметова Алматы қаласындағы №28 мектепте оқыған. Мәншүк Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1942 жылы Алматы қаласындағы медицина институтында оқып жүрген еді. Ол өз еркімен сұранып қазақ ұлттық 100-бригадасы құрамында майданға аттанады.</p> <p>Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Қаһарман қызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.</p> <p>Алматы, Орал т. б. қалаларда Мәншүк атында көшелер бар. Қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі жайлы «Мәншүк туралы жыр» атты көркем фильм түсірілді.</p> <p>Әлия Молдағұлова – майдандағы алғашқы әскери наградасы – Даңқ орденін 1943 жылы Псков облысындағы Холм қаласы үшін болған ұрыстарда алған. Ал 1944 жылдың 14 қаңтарында Казачиха селосы үшін болған ұрыста опат болған командирдің орнын басып, жауынгерлерді шабуылға бастаған Әлия сол шайқаста өзі де ерлікпен қаза тапқан.</p> <p>1944 жылы маусымда үкімет қаулысымен Әлия Молдағұловаға «Кеңес Одағының батыры» атағы берілген.</p>
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:**

	<p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»</b>  <b>Мақсаты:</b> ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне тандануды тәрбиелеу.  <b>Материал:</b> сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге арналған орамалдар.  Ойынға дайындық: әскери тақырыптағы суреттерді қарау, шығармаларды оқу: Л. Кассиль "Бас Армия", "Кеңес сарбазына ескерткіш", Я.Друганский "сарбаздар не істей алады".  Ойынға атрибуттар жасау.  Барысы: Қарау иллюстрациялар ҰОС туралы.</p>	<p><b>Психологиялық ойын:</b>  <b>Ойын: «Атомдар мен молекулалар»</b>  <b>Мақсаты:</b> Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДҢҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген.  <b>Ойын шарты:</b>  «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетіміздей атомдар</p>	<p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»</b></p> 
--	---	--	--

– Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте қаларлық мерекені атап өтеді. Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы келді, бірақ олар жетістікке жете алмады. Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар).


Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз.

Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек. Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады.

Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз. Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын "Кім жылдам?"

Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындықтарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киноі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды.





молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».



### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Қазақ тілі Міндеті Мақсаты).</b></p>	<p><b>Қазақ тілі Міндеті -</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру          - Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану <b>ё кірікт.08.05</b>  <b>Мақсаты</b> -Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.</p> <p>–Енді мен әңгімені оқийн, ал сендер мұқият тыңдаңдар:          Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру</p> <p>9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу.)          – Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.          Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.          – Ұлы Отан соғысына қатысқан</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> -ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру          -Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу          -Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын,</p>
--	------------------------------------	--	---	--

			<p>үйде отырғанын көрмейсін. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. –Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: –Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. –Сондай дәмді! – деді Хамит. –Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Өңгімеде кімдер туралы айтылады?</li> <li>2.Хамит атасынан не туралы сұрады?</li> <li>3.Атасы осы кезде не деді?</li> <li>4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді?</li> <li>5.Көп жылдар өткен соң не болды?</li> <li>6.Атасы Хамитті қайда әкелді?</li> <li>7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?</li> </ol>	<p>батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.)</p> <p>– Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі.</p> <p>– Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.</p> <p>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Өлең қалай аталады?</p> <p>– Өлең ұнады ма?</p> <p>– Авторы кім?</p> <p>– Өлеңде не туралы айтылған?</p> <p>Жеңіс мерекесі қай күні екен?</p>	<p>әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу</p> <p>--Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p><b>Мақсаты-</b> Қызыл телпекті қыздың суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
<b>Үзіліс:</b>					

	<p><b>Ойын: «Әскери мамандықтар»</b>  <b>Мақсаты:</b> Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту.  <b>Ойын барысы:</b> Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.  <b>Шекарашы</b>  Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді.  С. Чертков  <b>Ұшқыш</b>  Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшак жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады.  С. Чертков  <b>Теңізші</b>  Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі.  С. Чертков  Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы, барлаушы, теңізші, сарбаз, офицер.</p>	<p><b>Қимылды ,еңбек ойын:</b>  <b>«Күзетшілер»</b>  <b>Мақсаты:</b>Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.  <b>Ойын шарты:</b> Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады. Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады. Екеуінің де көзі орамалмен байланады да, аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап, қарама-қарсы «көпір» жасап тұрады.  Басқа балалар бір-бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс. Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды. Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса, оған қолын тигізеді, яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі. Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады. Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.  <b>Тәрбиеші:</b> Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытындарыңа мен көміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!</p>	  <p style="text-align: center;"><b>Лабиринт</b></p>  
--	--	---	---

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -  <b>Мақсаты</b></p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> -  <b>Мақсаты</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> .Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).  Аяқтың ұшына көтерілу,</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру  - Қолмен әннің бағытын көрсете</p>
--	---	---	--	---	--

			<p>қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) <b>(кірікт.08.05)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> .Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>	<p><b>Мақсаты</b> .Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту. Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу</p> <p>«Секіргіштер» 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығына келіп тұрады. Жерден екпіндеп итеріледі де, қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады.</p> <p>«Футболшылар» – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көзмөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге тырысады</p>	<p>отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату<b>(кірікт.09.05)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>			<p><b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №6</b> <b>Бақылау: Жәндіктерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b> Гүлдің нәрін жинайды,</p>	<p><b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №7</b> <b>Бақылау:</b> <b>Құмырсқаларды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Құмырсқа»</b> Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан,</p>	<p><b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №8</b> <b>Бақылау:</b> <b>Найзағайды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады</p>

			<p>Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік той? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). Қандай пайдалы жәндік</p>	<p>Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>) Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.</p>	<p>Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркіреді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. <b>Зерттеу қызметі</b> Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) <b>Еңбек</b> 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару</p>
--	--	--	---	---	---

			<p>орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау. <b>Мақсаты:</b> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?</p> <p>◆ Олар өз илеулерін қайда салады?</p> <p>◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b> Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. <b>Еңбек</b> Ойын алаңын тазалау. <b>Мақсаты:</b> бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру</p>
<b>Серуеннен оралу</b>			Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>			Мүсіншілер Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастырып шығару	Аквариумдағы балық Мақсаты: балаларды негізгі формадан немесе қосымша бөлшектер формасынан бастап, сурет салуға жаттықтыру	«Таңғажайып алақан» Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>			<p><b>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</b> <b>Мақсаты:</b> кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. <b>Жаттығу ойыны:</b> <b>Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты:</b> жүкіру техникаларын жақсарту. <b>Халық болжамы:</b> күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады</p>	<p>Қимылды ойын «Итеріспек».</p> <p>Мақсаты: • Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; • Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру. Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба.</p>	<p><b>Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап».</b> <b>Мақсаты:</b> ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. <b>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».</b> <b>Мақсаты:</b> екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру <b>Халық болжамы:</b> • Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. Қарлығаш келсе күн күркірейді</p>



<b>Балалардың үйге қайтуы</b>			<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы


Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі III-апта 15 – 19 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кездесу, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»</b> тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады),	<b>Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлі»</b> құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Гүлдерге су құю, шандарын сұрту	<b>Ойын: «Мейірімділік жібі»</b> <b>Шарты:</b> Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Балықтарға жем беру	<b>Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу</b> <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз</i> <i>Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жасқ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</i> Еңбек тапсырмасы:	<b>Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу</b> <i>Осылай бола ма?</i> <i>Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айналымы пікірді байқауға тәрбиелеу.</i> <i>Ойын ережесі. Кім өтірік аңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i> Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 14				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</b>	<b>«Біз бақытты баламыз»</b> Кел, шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	<b>«Нәр алып»</b> Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	<b>«Қуан, шаттан!»</b> Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	<b>«Қайырлы таң!»</b> Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	<b>Көркем әдебиет</b>

	<p><b>Міндеті</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу</p> <p><b>Мақсаты</b> . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды. –Аңызда нелер туралы айтылған? –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді? –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді? –Екеуі қалай келіседі? –Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? –Түн батып ай шыққанда ше?</p>	<p><b>Міндеті:</b> -Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.</p> <p>– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасындар да допты кері бересіңдер.</p> <p>Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і), ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б</p>	<p><b>Міндеті</b> - Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b>Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту .</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)</p> <p>-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.</p> <p>Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б .</p> <p>-оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.</p> <p>Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.</p> <p>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.</p> <p>Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз</p>	<p><b>Міндеті</b>Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>Бұлт сөзіне дыбыстық талдау.</p> <p>Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс.</p> <p>б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.</p> <p>л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>	<p><b>Міндеті.</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды</p> <p>Педагог балаларға өлең жолдарын шабыттты түрде айтқызады (3-4 балаға).</p> <p>Атасы немерелерімен қайда барды?</p> <p>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.</p> <p>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің? 3. Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p>
<b>Үзіліс:</b>					



**Ойын: « Масыны ұста»**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Шарты:** Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масыны кім ұстаса: «Мен ұстадым», - дейді.

Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады.

Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек.

**Ұсыныс:** Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> -Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету  <b>Мақсаты:</b> балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету</p> <p>Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу.          Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Фигуралардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру .</p> <p>Балалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атандар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру</p> <p>«Сықырлы дорба» ойыны.          «Сықырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар.          Педагог ойын жағдайын жасайды:          – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сықыршы сықырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлыққандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру.</p> <p>тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.          Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.          Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қосқыту, жапырақтың шаңын сүрту.  <b>Мақсаты</b> бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру          Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. - Мынау қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.(тәрбиеші көрсетеді) - Балалар біз тамақ ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру.</p> <p>Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға,</p> <p>бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету.</p>		<p>және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. Педагог 2- тапсырманы орындауға ұсынады. – Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз</p>	<p>жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады. Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды</p>	<p>тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп, баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: - Гүлдердің жапырақтарының</p>
--	---	--	--	---	--

**Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар  
«Кім көп таспа жинайды?»**

		<p><b>1.Ойын: «Кім көп таспа жинайды?»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.  <b>Шарты:</b> Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.  <b>2.Ойын: «Айна»</b>  <b>Мақсаты:</b> Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.  <b>Шарты:</b> Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.</p> 
--	--	---

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.08.05)</b>                  Мақсатыертегі арқылы сынын, кимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру</p> <p><b>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтапбасында бейнеленген.</b>  <b>«Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді.</b>  <b>Ертегі ұнады ма?</b>                  – Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр).                  – Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).                  Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады.                  – Мынау – барыс. Мынау не?                  – Мынау – барыс.                  – Барыс жаттығулар жасады.                  – Барыс не істейді?                  – Барыс жаттығулар жасады.                  – Мынау – борсық.                  Мынау не?                  – Мынау – борсық.                  – Борсық жаттығулар жасады.                  – Борсық не істеді?                  – Борсық жаттығулар</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу -Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. (кірікт.09.05)</b>  <b>Мақсатыжыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</b></p> <p><b>Көктемде құстар келеді.</b>                  – Көктемде не келеді?                  – Көктемде құстар келеді.                  – Мынау – қараторғай.  <b>Мынау не?</b>                  – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).                  – Көктемде қараторғай келеді.                  – Көктемде қандай құс келеді?                  – Көктемде қараторғай келеді.                  – Мынау – қарлығаш.                  – Мынау не?                  – Мынау – ... (қарлығаш).                  Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.                  – Көктемде қарлығаш ұшып келеді.                  – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.                  – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.                  – Көктемде келетін құстарды қалай атайды?                  – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.                  Педагог шағын мәтінді оқиды.                  Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.                  Балалар</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Монологты байланыстырып құра білу  <b>Мақсаты</b> . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p><b>Мақал-мәтел:</b>  <b>Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Дыбыстың орнын анықта»</b> (ауызша орындалады).  <b>Ойын шарты:</b> Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады.                  Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.                  «Қ» – қала, аққала, сандық.                  «М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</b></p> <p><b>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?</b>                  – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?                  – Жаз мезгілі несімен ұнайды?                  – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».                  – Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің.                  – Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</p> <p><b>Өлең ұнады ма?</b>                  – Авторы кім?                  – Өлеңде не туралы айтылған?                  – Болашақта сен қандай болғың келеді?                  – Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - адамныңжалпы денеқұрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,                  -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу                  -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбегінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b> балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	---	---	--	--

	<b>жасады.</b> – <b>Кар барысы мен борсык жарыска катысты</b>				
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан» ойыны.**

<p><b>Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған</b> <b>Кім қалай дыбыстайды?</b> (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, ааааа ..... (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа .....(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.</p>	<p><b>Дикциялық жаттығу</b> Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы мольнан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сең келеді, Сегіз серке тең келеді.</p> 	<p><b>Ойын: «Табан балық және шортан»</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. <b>Шарты:</b> Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді. <b>Ұсыныс:</b> Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.</p> 
---	--	--

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжитыу <b>Мақсаты</b> Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді</p> <p><b>«Баскетбол»</b> <b>Допты бір қолмен жүргізу.</b> <b>Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.</b> <b>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты сокқанда</b></p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру <b>Мақсаты</b> Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шақ»  («Мен бақытты баламын» «Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру <b>Мақсаты</b> .Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойнаушыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру</p> <p>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет) Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттап отырып лақтыру <b>Мақсаты</b> .Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпты әрекет ету мен допты сезе білу қажет.</p> <p>1.Қолына доп алып 3 метр</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті</b> - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу <b>Мақсаты</b> Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық</p>
---	--	--	---	---

	<b>күшін доп кеуде денгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді</b>	(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)	алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра калып, оған кедергі жасайды.	қашықтықта жүгіру. 2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру. 3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жоргалау. 4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату. 5.Допты артқа лақтыру. Нұсқауларды орындап, бастапқы калыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады. Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше қимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады	қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (ұнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық бні Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалықаспаптойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №10</b> <b>Бақылау:</b> Кемпіркосақты бақылау <b>Мақсаты:</b> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпіркосақ) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпіркосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпіркосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпіркосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпіркосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар:	<b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №11</b> <b>Бақылау:</b> <b>Найзағайды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқыннып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда күрт-	<b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №12</b> <b>Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау <b>Мақсаты:</b> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b> Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді.	<b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №13</b> <b>Бақылау:</b> <b>Топырақты бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> торф топырағының қыртысымен таныстыру . <b>Бақылау барысы</b> Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсе, ол аяқкіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түттеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. <b>Зерттеу жұмысы</b> Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Күммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. <b>Еңбек</b> Ағаш түттері мен атызға торф тасу. <b>Мақсаты:</b> торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.	<b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №14</b> <b>Бақылау:</b> Желді бақылау <b>Мақсаты:</b> - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналыны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның



	<p>◆ Кемпіркосақ қай уақытта пайда болады ? I</p> <p>◆ Ол қай уақытта жоғалады?</p> <p>◆ Кемпіркосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</p> <p><b>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.</b> Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпіркосақтың суретін салу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<p>құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)</p> <p>Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады?</p> <p>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тоғы жиналады. Найзағай- бұл үлкен электр тоғының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b> Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сағырлап.</p> <p>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)</p> <p><b>Еңбек</b> 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-коқыстарды шығару <b>Мақсаты:</b> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p>	<p>Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p><b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)</p> <p>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа.</i>)</p> <p>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. <b>Еңбек:</b> Алаңды коқыстардан тазалау. <b>Мақсаты:</b> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>		<p>температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <p>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>)</p> <p>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</p> <p>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. <b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау <b>Мақсаты:</b> бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>«Бақыт деген не өзі?» Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің,</p>	<p>Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасыңды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі жаттату</p>	<p>Санат пен Ерасылға түстерді атап айту.</p>	<p>Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру.</p>	<p>Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу.</p>

	Тыныштығы әлемні жаттау				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпіркосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады	<b>Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап».</b> Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру	<b>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</b> Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.	<b>Қимылды ойын «Аққу-қаздар».</b> Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	<b>Қимылды ойын «Жім жылдам?».</b> Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндегті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1V-апта 22 – 26 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. <b>Дидактикалық ойын.</b> "Атын атап бер" <b>Мақсаты:</b> көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. <b>Дидактикалық ойын.</b> "Атын атап бер" <b>Мақсаты:</b> көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 14				


<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</b></p>	<p><b>«Құмырсқа» өлені</b>          Ұзын мұртты құмырсқа,          Келе жатты жұмысқа.          Алды допты қолына,          Қойды допты орнына.          Онға, солға қарады,          Үлкен тау деп ойлады.  <b>Мақсаты:</b>Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру.</p>	<p><i>Құмырсқа» өлені</i>  <i>Ұзын мұртты құмырсқа,</i>  <i>Келе жатты жұмысқа.</i>  <i>Алды допты қолына,</i>  <i>Қойды допты орнына.</i>  <i>Онға, солға қарады,</i>  <i>Үлкен тау деп ойлады.</i>  <b>Мақсаты:</b>Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру</p>	<p><b>. «Армысыз!»</b>          Армысыз,қайырымды Аспан ата!          Армысыз,мейірімді Жер ана!          Армысыз, шұғылалы Алтын күн!          Армысыз, шұғылалы Алтын күн!          Амансын ба,Көк аспан!          Амансын ба,достарым!          Аманбысыз,апай!</p>	<p>«Армысыз!»          Армысыз,қайырымды Аспан ата!          Армысыз,мейірімді Жер ана!          Армысыз, шұғылалы Алтын күн!          Амансын ба, Алтын күн!          Амансын ба,Көк аспан!          Амансын ба,достарым!          Аманбысыз,апай!</p>	<p>«Армысыз!»          Армысыз,қайырымды Аспан ата!          Армысыз,мейірімді Жер ана!          Армысыз, шұғылалы Алтын күн!          Амансын ба, Алтын күн!          Амансын ба,Көк аспан!          Амансын ба,достарым!          Аманбысыз,апай!</p>
<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>					
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру  <b>Мақсаты</b> Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес.          –Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады.</p> <p>Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Педагог мәнерлеп оқиды.          Түлкі мен Қоян          Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді.          Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді.          Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p> <p>Педагог:</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Дидактикалық ойын          «Жоғалған дыбыс»          – Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.          Мысалы: - ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(к), ...аламсап(к), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(к), ...асқыр(к),</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру  <b>Мақсаты</b>алдыңғы оқу білімдерін пысықтау.</p> <p>•          – Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар.          Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.          Мысалы: ааалжапқыш-алжапқышыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дддәріхана-дддәріханааа, қооойылым-қойылыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбырааа, қоообыз-қобыыыз, жаааалбыз- жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшесе, бааалапан- балапаан,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Жазу парағында бағдарлай жоларалық кеңістікті ажырата білубілу, жазу жолы мен  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қағып ал»          – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдарМысалы: ккққасқыр(к), еееетік(е), тттүлкі(т), өөөөрік(ө), ббббалық(б), ссссағат(с), ааалқа(а), жжжжаз(ж), мммоншақ(м), кккқоңыз(к), кккқолшатыр(к), ббббілезік(б), жжжжұлдызша(ж), ооотын(о), ккққарға(к), ссссазан(с), шшшшахмат(ш), ттттау(т), ккккерік(к), әәәгеш(ә), еееесек(е), ттттүйе(т), мммандарин(м), кккқобыз(к), ссссандық(с), ттттекемет(т), еееер(е), үүүзенгі(ү), ааарба(а) т.б.          – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?          Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті.</b> Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу  <b>Мақсаты</b> театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»          Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сикырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.          – Бұл қандай жануар?          – Қандай ертегіде кездеседі?          Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.          – Тақтадан не көріп тұрсыңдар?          (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)          – Әр ұяшықта сандар бар.          – Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.          – Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін</p>

	<p>–Ертегі сендерге ұнады ма?          –Ертегі де нелер туралы айтылған?          –Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты?          –Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?          –Бір күні не болыпты?          –Түлкі қалай құтылып кетіпті?          –Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді?          –Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті?          –Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p>	<p>...ағдаршам(б), ...артоп(к),          ...әбіз(с), ...ызанақ(к),          ...ырыққабат(к),          ...скабақ(а), ...армақ(к),          ...йыншық(о),          ...квариум(а),          ...ақта(т), ...уыршақ(к),          ...елосипед(в), ...амокат(с)          т.б.</p>	<p>боооотакан-ботақааан,          көөөөзілдірік -көзілдіріік,          жаааапырақ-жапырааак , көөөрпе-көрпеее т.б.          Дидактикалық ойын:          «Досыңды шақыр»          – Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз).          Мысалы: (Дастаааан!          Серікбоооол! Айғаныбыым!          Айшаааа! Ернаааар!          Балжаааан!          Ардаааақ! Санжаааар!          Берііік! Мересейі т.б. )          – Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар</p>	<p>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.          Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, ко-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.          – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?</p>	<p>қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.          Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді</p>
--	--	--	---	--	--

**Үзіліс:**



<p><b>Саусақ гимнастикасы</b>          Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.  <b>Тасбақа.</b>          Тасбақа, тасбақа,          Тас астында тұрады.          Басын баяу шығарып,          Тиіссең кері тығады.</p> 		<p><b>Психологиялық ойын:</b>  <b>«Суреттерді аяқтайық»</b> жаттығуы.  <b>Мақсаты:</b>          Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .  <b>Ойын шарты:</b> Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді .</p>
--	---	--

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> --Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.  <b>Мақсаты</b> Құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінік беру. Үш тілді меңгеруге, бүтін және бөліктерді салыстырып, есептер құрастыруға, мүсіндей білуге үйрету.</p> <p>Құстар біздің досымыз. Біз оларға қамқор болуымыз керек. Құстар бізге не береді?</p> <p>Олай болса, сол жұмырқа арқылы біз бүгін кішкентай ғана әтештің бейнесін жасап үйренеміз. Табиғи материалдар мен қажетсіз нәрселерді қолданамыз. Балаларға тәрбиеші әтештің жасалу жолдарын үйретіп, жасатады. Дидактикалық ойын: «Балапандар»  Мақсаты: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.  Ойынның шарты: Қай құстың балапандары екенін табуып, сол қорапшаға салу керек</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру  <b>Мақсаты</b> Пішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш..</p> <p>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ.  «Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны  Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айкастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту  <b>Мақсаты</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету</p> <p>Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыны  Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды</p>  <p><b>Талқылап, сұрақтарға жауап береді</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету</p> <p>1-тапсырманы орындауды ұсынады.  Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.  – Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)  – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)  – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?  Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды..</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру  <b>Мақсаты</b> Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.  2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.  3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу</p> <p>Жұмбақтарды шешу:  Жұмбақтар  1. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. (Полиция қызметкері)  2. Көше бойлап аяндайды, Адам тасып, аялайды. (Автобус)  3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)  4. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)  5. Арқаным бар тым ұзын, Ала - алмайсың бір үзім. Табындаршы, балалар, Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)  6. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)  Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп алу баршамызға керек.  - Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.  - Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесің дер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға</p>
--	---	--	--	--	--

					жауап беріндерші. - Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол) - Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді). (Тактада) Қызыл – тоқта! Сары - сақтан! Жасыл - жол ашық! 1 - : Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! 2 - : сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! 3 - : Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба! (Балалар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады).
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:**


		<p><b>Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»</b>  <b>Мақсаты:</b> ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.  <b>Ойынның шарты:</b> Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліндер деп ұсынған жақсы болады.  <b>Ұсыныс:</b> бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.</p>
--	--	--

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу  <b>Мақсаты</b> түстерді қазақша</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау  <b>Мақсаты</b> жаңа сөздермен</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу  <b>Мақсаты</b> .Ертегі мазмұнын</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру  <b>Мақсаты</b> театрландырылған</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдері жетілдіру, түзу, ирек, жіңішк</p>
--	--	--	--	---

	<p>айтуға үйрету. Қима материалмен жұмыс. – Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай? – Жапырақтың түсі сары. – Мынау жапырақтың түсі қандай? – Жапырақтың түсі жасыл. – Алманың түсі қандай? – Алманың түсі қызыл. – Мынау қарындаштың түсі қандай? – Көк түсті. – Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды) Мынау – кара түс, кара. – Қандай түс? – Кара түс. – Мынау – күлгін түс, күлгін. – Қандай түс? – Күлгін түс. – Мынау – көгілдір түс, көгілдір. – Қандай түс? – Көгілдір түс. – Мынау – қызғылт түс, қызғылт. – Қандай түс? Қызғылт түс Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.</p>	<p>таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру Балалар мектепке келді. – Балалар қайда келді? – Балалар мектепке келді. – Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не? – Мынау – мектеп. – Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді? – Мектепте оқиды, білім алады. – Мынау – оқушы. Мынау кім? – Мынау – оқушы. – Мынау – оқушылар. Мынау кімдер? – Мынау – оқушылар. – Мынау – мұғалім. Мынау кім? – Мұғалім. Мынау – сынып. Сы-нып. – Мынау не? – Мынау – сынып. Мектепте сынып бар. – Мектепте не бар? – Мектепте сынып бар. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады. Мектепте сыныптар бар. Мектепте нелер бар? Мектепте сыныптар бар. Сыныпта орындықтар бар. Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады)</p>	<p>түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру  –Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. –«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады? –Неше дауысты дыбыс бар? –Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? –Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т – дауыссыз дыбыс. Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс. К – дауыссыз дыбыс. І – жіңішке дауысты дыбыс.  –Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық. Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр». Ойын шарты: педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады. Мысалы, Түл – ..., ко – , қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – ... ..</p>	<p>өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту  Педагог балаларға ертегі туралы өлең оқиды. Кел, көрейік ертегі, Естіген жанды елітеді. Талай ғажап оқиға Қызық сырын шертеді. – Балалар, біз қандай ертегілерді білеміз? – Ертегіде кейіпкерлердің мінез-құлқын салыстырады, сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіретін қызықты әлем. Ертегі сендерді жамандықтан аулақ болуға, жақсылық жасауға, адамгершілікке жетелейді. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән мінез-құлқы болады (ашулы, қатал, мейірімді, адал, қайырымды). Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді есімізге түсірейік. – Сен қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесің? (Қасқыр, арыстан) – Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (Қоян, атеш, шаруа)</p>	<p>е,жалпақ әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту -Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, біріккен жерлерін тегістеу -Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды бейнелеу -Құрылыс материалдарынан, өзбегінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу <b>Мақсаты-</b> алашаның суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру  <b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	--	--	---	--

**Үзіліс:**



**Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Қоңырау қайдан естіледі?»**  
**Мақсаты:** Зейін, тыныс алу ырғағын дамыту, қимыл қозғалысын жетілдіру.  
**Ойынның шарты:** Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады. Тәрбиеші балаларға: «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одна кейін балаларға тағы да беттерін беріп тұруды ұсынады. Күтуші басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау соғады.



#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

